

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ
УЎЗІРЛІГІ**

**ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы

Филология факультеті

Қазақ тілі және әдебиеті тәлім бағдарының

4- курс студенті

Асантаева Салиманың

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Тақырып: «Қарақалпақстан қазақтары тілін үйрену мәселесі»

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д., проф. О.Доспанов

Нөкіс - 2014

Қорғауға ұсынылды

Филология факультеті

деканы: _____ доц.Г.Құрбаниязов

Кафедра меңгерушісі: _____ доц. А.Оразымбетов.

Ғылыми жетекші: _____ ф.ғ.д., проф. О.Доспанов

«Қарақалпақстан қазақтары тілін үйрену мәселесі»

тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация комиссиясы қарарымен «_____» бағасы қойылсын.

МАК бастығы: _____

МАК бастығы орынбасары: _____ доц.Г.Құрбаниязов

МАК мүшелері: _____

Комиссия хаткері: _____

_____ 2014 ж.

ЖОСПАРЫ

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I тарау. Қарақалпақстанда жасайтын қазақтары тілінің зерттелуі жайлы

а) Қарақалпақстан қазақтарының тарихи-лингвистикалық сипаттамасына шолу

б) Қарақалпақстандағы түркі филологиясының зерттелуі

II тарау. Қарақалпақ қазақтары тілінің фонетикасы жайында

а) Дауыстыларға байланысты ерекшеліктер

б) Дауыссыздарға байланысты ерекшеліктер

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі: Қазақстанда және одан шет жерлерде аймақтық диалектологиялық зерттеулердің дені күні бүгінге дейін синхрондық, кейде диахрониялық, этимологиялық, семантикалық, этнолингвистикалық талдаумен шектеліп келгендігі белгілі. Республиканың әр аймағына түрліше экспедициялар, сапарлар, олар бойынша орындалған әртүрлі мақалалар, ғылыми жұмыстар, диссертациялар, монографиялар т.с.с. бұған дәлел болып табылады. Оларда сол жерде жасайтын қазақ халқы өкілдерінің лингвистикалық, тарихи-географиялық, этноәлеуметтік, этнографиялық, шаруашылық т.с.с. ерекшеліктеріне қатысты мол деректер.

Осы тұрғыдан алғанда зерттеуіміздің өзектілігі Қарақалпақстан Республикасы Қоңырат ауданында жасайтын қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері, яғни осы өңірдегі қазақ говоры болып табылады.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Зерттеудің мақсаты Қарақалпақстанда жасайтын қазақтардың тілінің XVII ғасырдың I жарымынан осы кезге дейінгі жағдайы, осы өңірге қоныстану тарихы жайында тарихи-лингвистикалық сипаттамасы ғылыми тұрғыдан қарастырылды.

Осы мақсатты іске асыру үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- аймақтың XVII-XX ғ. басындағы тарихи-лингвистикалық және этнографиялық жағдайын сипаттау;
- аймақта жасайтын қазақтардың тіліне фонетикалық және лексика-семантикалық, кей кездерде этимологиялық талдаулар жүргізу;
- аймақтың топонимдік жүйесіндегі әр түрлі жолдармен пайда болған атаулардың негізгі лексикалық модельдерін анықтау мәселесі міндет етіп қойылды;

- еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан бергі аймақтың топонимдер жүйесіндегі өзгерістерді сипаттау.

Зерттеу объекті мен предметі: Онда өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап қазірге дейін қазақ диалектологиясы бойынша әр түрлі ғылыми сапарлар, экспедициялар жолы мен жиналған ғылыми мақалалар мен зерттеулер, диссертациялар, жинақтарда басылған мақалалар тілге тиек етіп алынды. Әсіресе, өткен ғасырдың 60-жылдарынан соң, Қарақалпақстанның солтүстік және оңтүстік аудандарында жасайтын қазақтардың сөйлеу тілінің ерекшеліктері бойынша жиналған материалдар, мақалалар, зерттеулер мен диссертацияларға көңіл бөлінді.

Жұмысты жазуда Өзбекстан, Түркменстан, Тәжікстан республикаларында жасайтын қазақтардың тіл ерекшеліктері бойынша жазылған еңбектер, материалар салыстырма түрде қарастырылды.

Зерттеу әдістері: Жұмыста негізінен лингвистикалық, тарихи сипаттамалы әдіске аса көңіл бөлінді, сондай-ақ салыстырмалы әдіс, лексика-семантикалық, этимологиялық талдау әдістері іске асырылады.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: - Белгілі аймақтың тарихы, этнографиялық және лингвистикалық (XVII-XX.ғ) тарихы, этнографиялық деректермен диалектологиялық материалдар негізінде алғаш зерттелді;

- Қарақалпақстан қазақтардың тілінде қолданылатын ерекшеліктердің қалыптасуы, олардың әдеби тілмен салыстырғандағы айырмашылығы зерттеу нысанасы болғалы отыр;

- Аймақта қалыптасқан топонимикалық, географиялық атаулар, тұрақты сөз тіркестері және идиомалардың лексика-семантикалық сипаты жіктеледі;

- Еліміз егемендікке ие болғаннан бері, бұндағы қазақтар тіліне фонетикалық және лексика-семантикалық талдау жасауда әртүрлі әдістер қолданылады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы: Біздің бұл зерттеуіміздің нәтижесі, қазақ диалектологиясының теориялық және практикалық базасын жасауда, ұлттық тілімізбен жалпы халықтық сөйлеу тілі арасындағы кейбір ерекшеліктер, әдеби тілдің сөйлеу тіліне қатысы, олардың жақын болашақтағы тағдыры қандай болмақ, Қазақстаннан өзге аймақтарда жасайтын қазақтардың тілі қандай формада сақталады т.б. сұрақтарға жауап беруі тиіс.

Зерттеу нәтижелері, елімізден тыс жерлерде жасайтын қазақтардың тілі, оның мән-мағынасы, сипаты мен кейбір сөздердің қолданылу тарихына, сондай-ақ жергілікті сөйлеу тілімен әдеби тілдің ара қатнасы мәселесімен қызығушыларға пайдалы болады деген пікірдеміз.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Жұмыс кіріспе, бірінші, екінші тарау, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады. Кіріспеде жұмыстың мақсаты мен міндеттерінен, зерттеу объектісіне толық түсінік жасалды.

Бірінші тарауда Қарақалпақстандағы түркі филологиясының зерттелуіне тоқталып, әрбір бөлімдері мысалдар негізінде ашып көрсетілді. Екінші тарауда Қарақалпақстан аймағындағы кейбір фонетикалық әсіресе дауысты және дауыссыз дыбыстарға шолу жасалып, мысалдармен дәлелденді.

Қорытындыда зерттеу нәтижелерінен толық тұжырым жасалды. Тақырыпқа байланысты өз ұсыныс, пікірлерімізді білдірдік.

Ғылыми басшы:

О.Доспанов

Студент:

С.Асантаева

КІРІСПЕ

«Жәмийетимизде тил мәдениятын арттырыу бойынша еле көп жумыс ислеуимиз лазымлығын да умытпауымыз зәрүр. Бул хаққында сөз еткенде бабамыз Әлишер Науайының «Тилге итибар-елге итибар» деген сөзлеринде қаншелли терең турмыслық хақыйқат жатқанына және бир рет исеним арттырамыз».¹

Диалектологияның міндеті – жергілікті тил ерекшеліктерін үйрену. Бір қызықты жері, кейбір елдерде диалектология осы күнге дейін белгілі дәрежеде этнографияға көмекші қызмет атқарады. Ал, қазіргі кезде тил білімінде диалектология ұлт тілінің жергілікті диалектілерін зерттейтін жеке сала ретінде қалыптасты.

Тилдің диалектілерге бөлінетіндігі ертеден-ақ белгілі. Тіпті көне замандардағы грамматикаларда *вульгаризм* – тұрпайы сөздер, *провинциализм* – аймақтық, облыстық тил ерекшеліктері сияқты терминдердің кездесуі – диалектілік ерекшеліктерді білгендіктен шыққан.

«Диалект» термині тилде жалпы халықтық сипат алмаған, белгілі бір жерде ғана қолданылатын ерекшеліктердің жиынтығын, өзіне ғана тән тилдік ерекшеліктері бар жекеленген аймақты білдіреді. Бұл мағынада «диалект» халық пен ұлт тілінің құрамды бөлігі болып табылады.

Диалект, говор терминдері бірінен-бірі сонша алыс кеткен ұғымдар емес. Бәріне де жергілікті тил ерекшеліктері негіз болады.

Белгілі бір халыққа, бір ұлтқа жаппай түсінікті әдеби тил нормасынан, сондай-ақ тилдегі басқа диалектілердің ерекшеліктері болса ғана «диалект» бола алады.

¹ Каримов И. Жоқары мәнаұият-жеңилмес күш. Т. 2008

Әдеби тілде, диалектіде де кейде сөздердің айтылуы бірдей болады да, мағыналары әр түрлі болып келеді. Мысалы: Кәрім деген сөз «бір жерде жақсы, бір жерде жаман» мағынасында қолданылады. Жергілікті диалектілердің қалыптасуы, дамуы белгілі тарихи жағдайларға, қоғамдық экономикалық формациялардың ауысуына байланысты екендігін көреміз.

Диалектілердің дамуына неғұрлым қолайлы жағдай феодализм дәуірінде туады, себебі натуралдық шаруашылықтың басым болуы, ел ішінде тығыз экономикалық байланыстың болмауы халықты саяси, экономикалық байланыстың болмауы саяси, экономикалық жағынан бөлінушілікке әкеп соғады. Осыдан барып бірыңғай тілдік байланыс бұзылады.

Жергілікті диалектілердің жайылуына қолайлы жағдай, қазір туып отыр. Әдеби тілдің әсері бұл кезде мейлінше күшейді, халық ағарту ісінің мәдениеттің кең тарауы тағы басқа жергілікті диалектілерге әдеби тілдің әсерін арттыратын факторлар болып табылады.

Жоғарыда келтірілген жергілікті диалектілердің шағын аймақты қамтитын бөлігі, - мәселен, Қазақстан жағдайында «диалект» екі-үш облыс көлеміндегідей жерді қамтыса, «сөйлесім» бір облыс немесе екі үш аудан көлемін қамтуы мүмкін.

Бірақ, XIX ғасырға дейін диалектілік ерекшелік тілдегі «Қәте сөйлеу» дұрыс сөздің бұрмалануы сияқты болып көрініп келген.

XIX ғасырдың бас кезеңінде Батыс Еуропада, Ресейде халық мәдениетіне, этнографияға, фольклорға, сол сияқты тілге де ерекше назар аудары бастады.

Диалектология тіл ғылымының бір саласы болып қалыптасуымен байланысты оның маңызы артып, шеңбері кеңейе түсті: Зерттеу объектісінің саралануына және сипатына қарай диалектология – сипаттама (описательная) және тарихи диалектология болып екі салаға бөлінеді. Сипаттама

диалектологияның міндеті – тілдегі диалектілер мен сөйленістердің дыбыстық, грамматикалық және лексикалық құрылысын сипаттау, сол жайында жүйелі түсінік беру болып табылады.

Ал тарихи диалектология тілдегі диалектілер мен сөйленістердің, диалектілік ерекшеліктердің келіп шығуының тарихи тамырларын ғылыми тұрғыдан қарап зерттейді.

Біз жоғарыда қазіргі кездегі тіл білімі бойынша әдебиеттерді қолданып «диалект», «сөйленіс» терминдері және олардың белгілі дәрежедегі заңдылықтарын зерттейтін ғылым диалектология жайында пікір жүргіздік.

Оның қанша аймаққа таралуы, сөйленістердің қалыптасу тарихына, ондағы нақты жағдайларға байланысты.

Негізгі тілдік белгілері, бірыңғай сөйленістер ғана диалект ұғымын тудырады. Бір диалекттің ішіне, оның басқа диалектілерден айырмасын көрсететін негізгі ерекшеліктерін сақтай отырып, бірнеше сөйленіске енуі мүмкін. Жергілікті ерекшеліктердің таралу шегіне қарай кейбір тілдерде сөйленістер кіші сөйленістерге бөлінеді. Негізгі диалектілік ерекшеліктері бірыңғай болып келген сөйленістердің жиынтығы мамандар тарапынан *наречие* деген түсінікті де білдіреді. Тіл білімінің сөз етілген диалектілер мен сөйленістерді зерттейтін саласы *диалектология-диалектос-сөйлеу* говор, *логос*-ілім деген грек сөздерінен құралған деп аталады.

Бұл жерде тағы да бір мәселеге назар аударуымыз қажет, ол әдеби тіл.

Қазіргі тіл білімінде қалыптасқан теориялық пікірлер бойынша әдеби тіл өзінің фонетикалық, лексикалық, және грамматикалық нормаларына ие болып, жергілікті ерекшеліктерден едәуір бөлектеніп тұрады. Әдеби тіл – біздің күнделікті өмірімізде қолданылып жүрген газет, журнал, радио, телевизор, жоғарғы және орта оқу орындарының тілі.

Ол тілде әр жыл сайын сан мыңдаған кітаптар, журналдар басылады. Егерде әдеби тілдің жергілікті ерекшеліктерге байланысты мәселесін қарастырсақ, ол біздің ойымызша төмендегіше болып табылады. Қазіргі қазақ тілі Қазақстанда шығатын кітап, газета, журнал тағы басқа жалпы көркем әдебиеттің мемлекеттік мекемелердің, ғылымның, соның ішінде мектептің де тілі. Ол жалпы халықтың ұлт тілі болып есаптеліп, халық үшін қатынас құралы болып қызмет етеді. Сондықтан да, әдеби тілдің лексикалық нормасы сол әдеби тіл таралған барлық аймақтағы халық тіліне сүйенеді. Бұнда қандай да бір диалектке яғни сөйленіске артықшылық берілмейді².

Әдеби тіл барлық кезде де жергілікті халықтың жанды тіліне нұсқаушы ретінде қызмет етеді.

Қазақ әдеби тілі халықтың сөйлеу тілінің есебінен байып отыруы белгілі жағдай. Бірақ, әдеби тілге сөйлеу тіліндегі қалаған сөз кірмейді. Одан сыналған тәжірибеде өзін анықтаған және әдеби тілде жоқ жергілікті сөздер орын алуы мүмкін. Әдеби тілдің қалыптасуында, белгілі бір орын сөйленістердің солтүстік тобына тиісті болса да, тілдің жалпы баюына, кемеліне келуіне, оңтүстіктегі сөйленістердің де үлесі болады.

Әдеби тілдің лексикалық нормасы шағын бір топтың тіліне емес көпшілік халықтың күнделікті тұрмысында кең қолданушы сөздерге сүйенеді. Кейде қандай да бір себептерге байланысты әдеби тілге шағын топтың сөйлеу тілінен, сөйленіс немесе диалектіден де сөздер кіруі мүмкін. Бұндай сөздер сіңісіп, халық массасына түсінікті болғаннан соң, әдеби тілдің нормасы ретінде қабыл етіледі. Сондықтан да, оңтүстіктегі сөйленістер тобы лексикасының қазақ әдеби тіліне қатынасы мәселесін анықтау, оның байланысын жан-жақты анализдеу ісі едеуір қызығушылық тудырады. Осы

² Байшев Т.Г. Башкирские диалекты в их отношении к литературному языку. –Москва: МГУ, 1955. Б. 91.

көзқарастан жалпы Қазақстан территориясындағы тұратын қазақтардың ауы екі сөйлеу тілінің ерекшеліктерін зерттеу диалектология үшін өте маңызды.

Қазіргі кезге дейін қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерін зерттеу бойынша бірқанша жұмыстар істелді³.

Ал Қазақстаннан тыс жерлерде тұратын қазақтардың сөйлеу тілін зерттеуде, көптеген еңбектердің жарыққа шыққанын көреміз⁴.

Қай тілден болсын осы, «жергілікті» деп аталатын тіл құбылыстарын кездестіреміз анық. Бірінде аз, бірінде көп дегендей әйтеуір, мұндай жергілікті өзгешеліктердің барлық тілде бар екені рас. Қазақ тілі де осы сияқты, қазақ жұрты тараған өлкелердің бәрін де, сол жердің әр қайсысындағы қазақтардың тіліне тән сөз ерекшеліктерінің бар екені байқалып жүрген жайт. Мұны ғылымда «диалектілік құбылыстар» деп атайды. Диалектілік құбылыстар халық тілінің жемісі, халық тілі дамуының кезеңі тудырған тіл құбылыстары. Әрбір өлкеде тұратын қазақтардың тілінде кездесетін бұл секілді тіл айырмашылығының пайда болуының тарихи сыры бар. Мәселен, біз осы еңбекте сөз еткелі отырған қарақалпақ жерінде тұратын қазақтардың тіліндегі диалектілік айырмашылықты алатын болсақ, олардың көбінің-ақ түптеп келгенде із - өкшесі қарақалпақ тілінде, сонан кейін өзбек, түркмен тілдеріне қатысты екенін көреміз. Мұның себебін түсіндіру онша қиын емес. Бұл жерде тұратын қазақтардың ежелден қарақалпақ, өзбек, түрікмен жұртымен іргелес, қоныстас, ағайындас ел болғанымен байланысып жатыр. Ұзақ жылдық тілдік қарым-қатынас нәтижесінде осы аймақ қазақтарының тіліне аталған тілдерден ауысқан сөздер аз емес. Ол сөздер өздері енген тілге әбден етене болып, сіңісіп кеткен. Демек, мұндағы біздің

³ Аралбаев Ж., Бектуров Ш. Марқакөл және қатанқарағай экспедициясының материалдарынан «қт мен дм.». – Алматы, 1963. 1-шығуы;

⁴ Жүнісов Н. Қарақалпақ АССРының Тактакөпір, Мойнақ, Қараөзек аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі лексикалық ерекшеліктер // ҚазССР ғылым академиясының хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. – Алматы, 1964.

айтайық дегеніміз – қазақ тілінде де жергілікті тіл айырмашылығы бар екендігі, сосын оның өзі кездейсоқ пайда болмағандығы, белгілі тарихи дамудың нәтижесінде туған тіл құбылыстардың көлемі барлық өлкенің қазақтары тіліне ортақ құбылыстармен салыстырғанда әлдеқайда аз. Бірақ көлем жағынан қанша шағын болғанымен, бұл өзгешеліктерді ескермеуге де болмайды. Әдеби тіліміздің халық тілі негізінде дамып отырғаны белгілі. Халық тілі, халық диалектілері - әдеби тілді байытудың қайнар бұлағы. Әдеби тіл халық тілінің материалына талғаусыз қарамайды. Оның ішінен өзіне керегін сұрыптап, елеп-екшеп алады. Жергілікті халық тілі әдеби тілмен осындай тығыз байланыста болғандықтан, оның жай-жапсарын жақсы біліп отыру әрине аса қажет. Әдеби тілде сөйлеуге үйрену, сөз өнеріне жаттығу мектеп қабырғасында қалыптасатын нәрсе болғандықтан, жергілікті тіл ерекшеліктері жөнінде хабардар болу – тіл пәнінің мұғалімдері үшін өте қажет. Мектептің қайсысын алсақ та, жергілікті халықтың кішкене бір өкілі ғой. Оның тілінің де өзі туып-өскен ортасының тілінен, ата-анасының тілінен алшақ болмайтыны тісінікті жайт. Демек, әр оқушыны әдеби тілде сөйлеуге, әдеби тілде жаза білуге жастай баулитын негізгі орта – мектеп. Міне, осыдан кейін жергілікті тіл ерекшелігі деген не, оның әдеби тілге қарым-қатынасы қандай деген жайдан мұғалімдердің, әсіресе тіл пәні мұғалімдерінің хабардар болу қажеттігі туады.

Біз осы еңбекте Қарақалпақ өлкесінде тұратын қазақтардың тілі туралы кейбір деректерге тоқталмақпыз. Әрине, мұнда беріліп отырған тікелей методикалық нұсқауал жоқ. Алайда қазақ тілін оқытатын мұғалімдердің өз оқыту тәжірибесінде назар аударарлық кей жерлер туралы бұл еңбектен керекті мәлімет алары даусыз.

I ТАРАУ

ҚАРАҚАЛПАҚСТАНДА ЖАСАЙТЫН ҚАЗАҚТАРЫ ТІЛІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖАЙЛЫ

а) Қарақалпақстан қазақтарының тарихи-лингвистикалық сипаттамасына шолу

Тілді зерттеу мәселесі жергілікті халықтың тарихынан бөлек қаралмайтыны белгілі. Осы үшін де жұмыстың кіріспе бөлімінде Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тарихына, өмір тіршілігіне қатысты басқа да бірсыпыра жайлар туралы сөз болады.

Қазақтар Қарақалпақстанның барлық жерінде де бар. Олардың ең жиі орналасқан жері – республиканың солтүстік – шығыс, солтүстік – батыс аудандары. Қарақалпақстанда қазақтар сан жағынан үшінші орынға ие. 1970 жылғы санақ бойынша өлке халқының 218 мыңы қарақалпақтар, 213 мыңы өзбектер, 186 мыңы қазақтар, 38 мыңы түрікмендер, қалғандары орыстар, корейцтер, татарлар.

Аудандарға бөлгенде қазақтардың саны кей аудандарда сондағы өзге ұлттармен салыстырғанда аздау болса, кейбір аудандардағы халықтың дені қазақтар. Мәселен, Хожелі, Қоңырат, Мойнақ аудандарының территориясы мен республиканың астанасы Нөкісте басқа ұлт өкілдеріне қарағанда қазақтар көп.

Өлке аудандарының әкімшілік – шаруашылық территориясы солтүстік – шығысынан Қазақстанның Қызылорда облысының Қазалы, Қармақшы, Арал аудандарымен, солтүстік – батысынан Ақтөбе облысының Байғанин ауданымен, Маңғышлақ облысының аудандарымен, оңтүстігінен Түрікменстанның Ташауыз, Өзбекстанның Үргеніш облыстарының аудандарымен шектеседі.

XIX ғасырда Орта Азия туралы жазған оқымыстылар бұл өлкенің жайын сөз етіп: «Солтүстік жағынан телегей теңізбен, шығыс, батыс және оңтүстік жағынан Қызылқұм, Қаракұм, Үстірт сахарасымен қоршалған бұл өлке өзіне тән өзгеше тұрмыс жасайды» деп жазады.

Амудария және Арал жағалауында тұрған халықтардың, оның ішінде қазақтардың көшіп келуі, орналасу тарихы әріректен басталады. Демек, бұл өлке қазақтарының тарихын сол жердің өзге тұрғындарының тарихымен тығыз байланыста қарау қажет. Өйткені олардың тарихы Хорезм ойпатына қоныстанған өзге халықтардың тарихымен байланыста болады. Олар өткенде саяси, мәдени, экономикалық жағынан бергі дәуірлерге дейін бір мемлекеттің қол астына қараған ел болатын.

Революциядан кейінгі уақытта бұл өлкеде жасаушы халықтардың тарихы туралы материалдарды Толстовтың, С.Камаловтың, Т.А.Жданконың, Р.Қосбергенов пен У.Шалекеновтың еңбектерінен аламыз. Бұл жолдастардың еңбектерінде қазақ пен қарақалпақтың революцияға дейінгі тарихына байланысты шыққан еңбектерге шолу жасалып, олардағы фактілерден үзінділер беріліп, анализ жасалады.

Жаңа кезеңге дейінгі не соңғы жазылған еңбектердің қай қайсысынан да осы өңірдегі қазақтар мен қарақалпақтар туралы тарихи деректерді мол кездестіреміз.

Қарақалпақстанда қазақтардың қоныстану жағдайы мен дәуірі жалпы алғанда Хорезм ойпатындағы, арал бойындағы қазақтардың қоныстану тарихынан ешқандай айырмашылығы жоқ. Әрине, бұл өңірдегі қазақтардың қоныстану тарихына байланысты революцияға дейінгі кездің өзінде-ақ біраз ғылыми еңбектердің жазылғаны белгілі. Бұлардың ішінен П.И.Рычковтың, Г.И.Даниловскийдің, А.Макшеевтің, С.Зыковтың, Гладышев және Муравиндердің еңбектері айрықша көңіл бөлуге тұрарлық. Бұл ғылыми

еңбектердегі материалдар туралы қазақ және қарақалпақ тарихына, этнографиясы және диалектологиясы туралы жазылған еңбектерде айтылып, фактілер келтіріліп жүр.

Тарихтан белгілі болғанындай, біздің ғасырымыздың басында түркі тілдегі халықтардың Солтүстік-Шығыс және Орталық Азиядан Орта Азияға көшіп қону процесі басталған. Мұндай жағдай бірде үзіліп, бірде бірнеше ғасырларға созылған. Міне осындай кезеңдерде Орта Азияға орнығып алған кейбір түркі қауымдары VI ғасырдың екінші жартысында осы жердегілердің этногенезі мен глаттогенезіне сезілерлік ықпал жасай бастайды. Міне осы кезеңде түркі тілдес қауымдар мен рулардың тарихта Қараханидтер атымен мәлім болған мемлекеті пайда болып, ол Шығыс Түркстан, Жетісу және Орта Азияны өз ішіне алады. Міне осы жағдайда Орта Азияны мекендеген түркі тілдес халықтар жергілікті халықтың тілі мен жасау жағдайына ықпал етумен қатар өздері де оны тілі мен мәдениетінің кейбір элементтерін қабылдай бастайды. Осылай етіп біздің ғасырымыздың бас кезінде осы мекенді жайлаған түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде (ерекше «қанглы» қауымының сөйлеуінде) ежелгі иран тілдерінің (согд, сақ, Хорезм) әсері болмады деп айта алмаймыз⁵. Атап айтқанда, қазақ тілінің сөздік құрамына апта (хапта, тәж. жеть), тән (тәж. тән «дене»), шах (тәж. шох «патша») т.б. лексемалары кірді.

Тарихи деректерден белгілі болғанындай XV ғ. бірінші жартысында Орта Азияны арабтар жеңіп алған соң, олар жергілікті халықтарды, ислам дініне үйреткені мәлім. Бұл жағдай VIII ғасырдан Орта Азия халықтарының тілдеріне араб тілінің күшті әсер еткенін көрсетсе, содан кейінгі кездерде (XI

⁵ Айдаров Т. Проблемы диалектной лексикологии и лингвистической географии. –Алма-Ата: Рауан, 1991. Б.9.

ғ.) қыпшақтар Сырдария бойындағы қалаларды өздеріне қаратып, соңғылығында олар өздерінің ықпалын басқа мекендерге де жаяды⁶.

Тарихи деректерге қарағанда XI-XII ғасырларда Мавереннахр, Жетісу және Шығыс Түркістанды өзіне тәуелді еткен Қараханид мемлекетінің Орта Азия тарихындағы орны ерекше болып, Жетісу өңіріндегі тұрғындар түркілердің дәстүрлері мен тілін қабылдаған Пано Карпинидің берген мәліметтеріне қарағанда, XIII ғ. 40-жылдарында Хорезмде Хорезмий және куман (қыпшақ) тілдерінде сөйлеген, ал соңынан Хорезмий тілін куман тілі қысып шығарып Хорезмий субстраты негізінде дамыды.

Ал, X ғ. орталарында Арал теңізінің Солтүстік жағалауларында оғуздар мемлекеті дүниеге келді⁷.

XII-XIII ғасырлардағы монғолдардың түрлі жерлерге шабуылынан соңғы кездерде XIII ғасырда Алтай және Монғолиядан Шыңғысхан мен бірге қоңырат, қатаған, бөгежін (борджигни) дархан, маңғыт, дүрмен және қият сияқты қауымдар келген. Бұлар соңын ала Орта Азия бойлап тарайды, ал біреулері Ташкент маңында да қалады, себебі XI ғасырда жазылған М.Қашқарийдің «Девону луғат-ит түрк» еңбегінде келтірілген қауымдардың атаулары келтірілмеген⁸.

Өзбекстан және Қарақалпақстанның оңтүстігінде жасайтын қазақтар тілінің басты ерекшеліктерінің бірі – ол жақ, сол жер, бұл жер сияқты болып сөздердің өзгерістер мен айтылуы және олардың ояқ, сояқ, бүйер, кайер формасында қолданылады деп айту мүмкін. Бұл құбылыстың жүзеге келуі XV-XVI ғ. яғни түркі рулары мен қауымдерінің халық болып бірлесу кезеңі деп тұжырымдалады. Осы кезеңде кейбір қауымдері (айырым диалекттер

⁶ История Казахской ССР. –Алма-Ата, 1957. Т.1. Б. 65-66; Ахинжанов С. Из истории взаимоотношений кипчаков и Хорезма в XII – начале XIII века. Археологическое исследование в Казахстане. –Алма-Ата, 1973. Б. 59-70.

⁷ История Узбекской ССР. –Ташкент, 1974. Б.69.

⁸ Айдаров Т. Проблемы диалектной лексикологии и лингвистической географии. –Алма-Ата: Рауан, 1991. Б.10-11.

егелері) оқшаулана бастап қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, түркпен деп атала бастады⁹.

XIV-XV ғасырларда Хорезм, Жетісу, Ташкент және Ферғана ауылдары мен қалалары төңірегінде тұрақты жасайтын тұрғындар толық түрдегі тілдес болды. Тарихи деректердің берген мәліметтеріне қарағанда олар сол кезеңдерден қазірге дейін, өз тұрақтарында жасап келе жатырғанын айту керек¹⁰.

Белгілі этнограф ғалым Т.А.Жданко 1698-жылы Петр I дің бұйрығымен С.Ремезев тарапынан жасалған картаға негізделе отырып, XVII және XVIII ғасырлар аралығында қарақалпақтардың бір бөлігі қазақ ханы Букеге тәуелді болғандығы жайында сөз етеді.

XVII ғасыр басында қазақтар қарақалпақтармен бірге Түркістандағы қазақ сұлтаны Тобыршақтың қол астында болғаны белгілі. Тобыршақ болса, Тәуке ханға тәуелді еді. Бұл кез 1680-1718 жылдардың арасын қамтиды. Бұл дәуірде қарақалпақтар қазақ ханы Тәукеге астықтай салық төлеп тұруға қоса ханның соғыс күші қатарына атты әскер құрамын дайындап беруге міндетті болды.

Осы өлке туралы XVIII ғасырдың екінші жартысында көбірек материал жинаған П.И.Рычков былай деп жазады: «... Кіші жүз қазақтарының біразы Хиуа маңында тұрады, біразы түрікмендермен аралас отырады. Олардың көпшілігінің қонысы Арал теңізінің төңірегі, кейде олар қысқа қарай қарақалпақ иелігіндегі жерлерді паналайды»¹¹.

Қарақалпақстандағы қазақтардың көпшілігі осы дәуірлерде-ақ Орта Азия халықтарының территорияларына жақын араласқан болатын. Олар XIX ғасырдың басында Жаңадария, Қуандария, Үстірт, Маңғыстау, Арал

⁹ Айдаров Т. Бұл да сол еңбекте. Б. 13.

¹⁰ Айдаров Т. Бұл да сол еңбекте. Б. 15.

¹¹ Рычков П.И. Типография Оренбургской губернии. –Оренбург, 1762. Б. 99-100.

айналасындағы қазақтарға жиі шабуыл жасап, талап отырды. Ұзақ уақытқа созылған талан-тараждан кейін 1811-жылы Хиуа ханы Мұхаммед Рахим әуелі Арал бойларын, кейін Жаңадария қазақтары мен қарақалпақтарын өзіне қаратып алды. Шапқыншылықтан құтыла алмаған Үстірт, Маңғыстау жерлеріндегі қазақ рулары да амалсыздан Хиуа ханының үстемдігін мойындай бастады. Бірқатар қазақтар сол кездің өзінде-ақ Хиуа қалалары маңында тұрады. Тарихшы Г.И.Даниловскийдің айтуынша «Табын, төртқара, байұлы руларының кей бөлігі Гүрлен, Қыпшақ, Маңғыт қалалары төңірегінде тұрған. Алашы, Шекті дейтін Кіші жүз рулары Қоңырат маңына қоныстанған»¹².

Ол кезде қазақтар мен қарақалпақтар жоңғарларға қарсы азаттық күрес үстінде болатын, сондықтан негізгі мақсат – жауға қарсы тұрып және оны жеңіп шығу үшін – қазақ, қарақалпақ халықтарының тізе қосып, бірігуі болды. 1710 жылы халықтың күрес нәтижесінде жоңғар шапқыншылары талқандалып, олар шығысқа қарай қуылып тасталды. Цеван – рабтандағы орыс елшісі капитан Иван Унковский бұл туралы былай деп жазады: «Ол, Қонтайшы, өзі иелік ете бастаған кезінен бастап қазақ ордасымен тоқтаусыз соғыс жүргізді, ал қазақтар онымен қарақалпақтармен тізе қоса отырып соғысты ...»¹³. Солай бола тұрса да қазақтар мен қарақалпақтардың біріккен күші жоңғардық жер қайысқан қарулы қолына ұзақ төтеп бере алмады. Сонан барып 1723 жылы тарихта табы қалған Ақтабан шұбырынды, алқа көл сұлама атты күйзеліс кезеңі басталды. Сол төтенше қиын заман «Қаратаудың басынан көш келеді» сияқты халық өлеңінің баян етілетіні мәлім. Бұл өлеңді қазақтар ғана емес, қарақалпақтар да осы күнге дейін есінде сақтап келген. Ақтабан шұбырындыға ұшыраған ел үдере көшіп, Сырдарияның төменгі ағысын бойлай Амударияның жағалауына дейін барады. Міне,

¹² Даниловский Г.И. Описание Хивинского населения в Хивинском ханстве. ЗИРГО. СП. Кн. У. 1851.

¹³ История Казахской ССР. –Алма-Ата, 1957. Т. 1. Б. 234.

қарақалпақтардың Сырдария мен Амударияның төменгі ағысына көптен келе бастағаны да осы кез болатын. Осы күнгі қарақалпақ территориясында тұратын қазақтардың бірқатары сол дәуірде, бас кезінде бұл өңірге қарақалпақтармен бірге Сыр бойынан ауып келіп орналасқан. Әрине, революциядан кейін 20-30 жылдарда да бірқатар Сыр қазақтарының қарақалпақ жеріне қоныс аударғаны белгілі. Бірақ бұлар сан жағынан онша көп емес.

Сыр өңірін көп заман бойы мекендеп келген қарақалпақтардың Хорезм ойпатына ығысуының жоңғар шапқыншылығынан басқа тағы бір үлкен себебі бар. Ол – Кіші жүз ханы Әбілқайырдың көрсеткен қысымшылығы. Әбілқайырдың өктемдігіне мойын ұсынғысы келмеген бір қатар қарақалпақ рулары Хиуа ханынан қоныс сұрауға, Хиуаның қол астына өтуге мәжбүр болды. Бұл туралы Т.А.Жданко: «Сырдарияның орта ағысын жоңғарлардың басып алуы – XVIII ғасырда-ақ жоғары, төменгі делінетін екі топқа бөліне бастаған қарақалпақ жұртының арасындағы жіктелісті біржола баянды етті»¹⁴, - деп жазды. Осы кезден бастап Сырдария мен Амударияның төменгі ағысында, Кіші жүз қазақтарымен бірге қарақалпақтар да мекен тепті. Бұған дейін қарақалпақтардың негізгі қонысы – Сыр бойындағы Жанадария, Қуандария аталатын жерлер болатын. Бұл жер қазір Қазақстанның Қызылорда облысының территориясына кіреді. 1740 жылдың 7 октябрінде поручик Гладышев пен геодезист Муравин орыс мемлекетінің тапсыруымен Сырдарияның төменгі ағысындағы елге билік жүргізуші қазақ ханы Әбілқайырға арнайы келіп, бұл ел туралы өздерінің көргендерін былай деп баяндады: «Кіші жүз ханы Әбілқайыр Сырдарияның арғы тұсындағы Кіші

¹⁴ Жданко Т.А. Очерки исторической этнографии каракалпаков. – Труды института этнографии. Нлвая серия. –М.-Л., 1950. Т. IX. Б. 136.

Қуандария, Адаматы өзендерінің екі бетінде де қарақалпақтар тұрады. Олар өзен, көлдерге жақын қоныстанған¹⁵.

Сырдарияның Аралға жақын төменгі ағысында ХІХ ғасырдың басында Хиуа хандығы қаратып алған Арал өзбектері тұратын. Кейін осы Арал жағалауын билеуші Хиуа хандығы мен қазақтың Әбілқайыр билеген Кіші жүз руы арасында қарым-қатынас күшейді. 1740 жылы Әбілқайырдың үлкен баласы Нұралы әкесінің жәрдемімен Арал жағалауына хан болып сайланады¹⁶. Оның қарамағына қазақтармен бірге Арал өзбектері де кіреді. Хиуаның бұрынғы ханы Ильбарыс 1740 жылы ноябрьде Нәдір шахтың қолынан қаза табады да, өзбектер хандыққа Әбілқайырды шақырады. Әбілқайырдан кейін де бұл өңірге бірнеше қазақ хандары билік жүргізді. Олар да кейде басқа халықтардан шыққан билеушілер алмастырып отырды. Бұдан бұл өлкенің қазақ, өзбек, қарақалпағы саяси жағынан біртұтас ел болып, мәдени, шаруашылық жағынан көп дәуір бойы ауылы- аралас, қойы- қоралас отырғаны көрінеді.

Амудария мен Сырдария аралығындағы және Арал жағалауындағы қазақ, өзбек халықтарының саяси, шаруашылық хал-жағдайы жаңа кезеңге дейін осылай болып келді. Бұл фактілерден біз Хорезм ойпатында тұратын қазақтардың Хорезмге ауыспастан бұрын да қарақалпақтармен, Арал өзбектерімен көршілес, аралас отырғандығын көресіз.

ХІХ ғасырдың басында Арал теңізінің батысында, солтүстігінде, шығысында тұратын Кіші жүз қазақтары ақырындап Хиуа және Қоқан халықтарына ығысып жақындай бастады. Оның себебі көшпелі елдің экономикасының басты тірегі – малдың жайылымдық қамы болатын. Ал Сырдария, Қуандария, Жаңадария, Қызылқұм тәрізді жайылымдар мен Арал

¹⁵ Гладышев и Муравин. Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1941 гг. поручиком Гладышевым и геодезистом Муравином. СПб., 1851. Б. 1.

¹⁶ Сонда. Б.1.

теңізінің солтүстік және солтүстік – батыс жағалаулары Үстірттің жалпак даласы ол кезде Хиуа, Қоқан хандығы иелігінде болатын. Бұл жерлер ХІХ ғасырдың бас кезінде, шын мәнісінде, әлі бос жатқан, игерілмеген жерлер еді. Бұл жерлерді тек Россия қол астында тұратын қазақтар ғана керек кезінде көшіп келіп, пайдаланып отыратын. Дариялардың қойнауларын, жайылмаларын, сағаларын және Арал теңізінің жағалауын, Қызылқұмды малдың қысқы қонысын жасау қазақтар үшін тиімді еді. Өйткені бұл жерлер от, қамысты, шөпті болып келеді. Ал Үстірт болса, - малшылардың жазғы жайылымына таптырмайтын жер. Осы кезден бастап бұл өңірге бірқатар қазақ ауылдары көшіп келіп орнығып, мал жайылымын жасады.

ХVІІІ ғасырдың 40-жылдарында бұл жердегі халықтың көбі Сырдария жайылымын мекендейтін. Бұл араға кейінірек солтүстік Аралдан біраз Кіші жүз рулары көшіп келісті. Алайда Сырдария, Қуандария, Жаңадария және Қызылқұм бойындағы жайылымды жерлерде тұрған халықтың негізі қазақтар болды.

Қазақтардың біразы ол кезде осылайша Орта Азия хандықтарының территориясына жақын орналасқан болатын. Сөйтіп, ХІХ ғасырдың басында бұл жердің қазақтары екі оттың ортасында қалғандай күйге ұшырады; бір жағынан, Хиуа хандығының, екінші жағынан, Қоқан хандығының алма-кезек тонап, талауына ұшырады. Арал бойы қазақтарының Хиуа хандығы қол астына енуінің екінші факторы – осы болатын. Хиуа хандығының агрессивтік әрекеті Жаңадария, Қуандария, Сырдарияның төменгі ағысы, Үстірт және Маңғыстау қазақтарын шарпыса, Қоқан хандығының агрессивтік әрекеті Сырдарияның төменгі бойын, Қызылқұмды қамтыды. Міне, осыдан бастап Хиуа және Қоқан хандықтарының жаулап алу саясаты басталып, жазықсыз халықтардың (қазақ, қарақалпақтарды талан-таражға, зорлық-зомбылыққа ұшыратты. Бұл сияқты істер, әсіресе Хиуа хандары: Мұхаммед Рахым (1809-

1822 сыяқты хандар тұсында болды. Бұл туралы орыс тарихшыларының еңбектерінде анық айтылған. Мәселен, С.Зыков өткен ғасырдың 60-жылдарында былай деп жазды: «Тек пайда табуды ғана мақсат тұтқан қоқандықтардың аты адам айтқысыз шайқастармен, жыртқыштық қуғын-сүргінмен, талан-тараж, зорлық-зомбылықпен шықты»¹⁷. Автор одан әрі қарай былай деп жазады: «қоқандықтар қолына түскен қазақтарға бекініс ішіндегі мал қораларын тазарттыратын. 1818 жылы қоқандықтар Жаңадарияның бойымен оңтүстікке ығыса бастаған қазақтарды сусыз кептіру еді»¹⁸.

Л.Мейердің жазғандарында сол кездегі қоқандықтардың әрекеті туралы мынадай деректер бар: «1833 жылы қоқандықтар шөмекейлерді талан-таражға ұшыратты – олардың 800 түйесін, 150 жылқысын, 6000 қойын тартып алды. Ақмешіт бектерінен көп қысымшылығының негізінде көптеген қазақтар Хиуа хандығының қол астына өтіп кетеді де, бірқатары құмда далада көшіп-қонып, әр жаққа бытырап тарап кетеді»¹⁹. Осы секілді ұзақ талан-тараж, қан төгістен кейін 1811 жылы Мұхаммед-Рахым әуелі Арал теңізі жағалауын, сонан кейін Жаңадария қазақтары мен қарақалпақтарын өзіне қаратып алады. Сосын барып, жергілікті халықтардың күшін пайдаланып, Сырдария бойындағы қазақтарға шабуыл жасады. Осындай шапқыншылықтан құтыла алмаған Сырдария, Үстірт, Маңғыстау жерлеріндегі қазақ рулары амалсыздан Хиуа хандығының үстемдігін мойындай бастайды.

Хиуа хандығының көп жылдарғы созылған шабуылының нәтижесінде XIX ғасырдың бірінші жартысында көптеген қазақтар Хиуа қол астындағы жерде қоныстанып қалды. Хан Мұхаммед-Рахымның дәуірінде Хиуа жерінде

¹⁷ Зыков С. Очерк утверждение Русского владычества на Аральском море и реке Сыр-Дарье с 1847 по 1862 гг. // Морской сборник. - , 1962. -№6. –Б. 308.

¹⁸ Зыков С. Сонда, Б. 302.

¹⁹ Даниловский Г.И. Описание Хивинского ханства –СПб.: Зирго, 1851. Кн. V.

29000 үй қазақ болды. Олар Дәуғара қонысында, Жағадарияның солтүстік бетінде Есеншағыл және Қызмараққан жаманның маңында да тұрды..

Хиуа қол астына ауып келген қазақтардың бірі кейін Амударияның бойындағы жаға қоныстарында біржола қалып қойды. Хиуа қол астындағы қазақтар мен қарақалпақтар кейін Хиуадан гөрі Ресей мемлекетіне қосылуды мақсат етті. Мұны сезген Хиуа ханы қазақ, қарақалпақ феодалдарының көмегіне сүйеніп, орыс бекіністерінің маңына қоныс аударуға ұмтылған қазақ ауылдарының жолын бөгеу шарасына кірісті. 1847 жылы хиуалықтар Қуандарияның басына бөгет салады. Ондағы көздегені – қазақтарға жағдай тудырғансып, оларды хан игілігіндегі жерден сыртқа шығармаудың қамы болатын.

Бұл сияқты әрекеттерімен Хиуа хандығы көшпелі қазақтардың орыс мемлекетіне өтуін тоқтата алмады. Қазақтар Ново-Александровск, Раим, Форт Казалинскіге қашып кете берді. Сонан кейін хиуалықтар тура қазақтарды тонауға, асуға, атуға шықты. Мысалы, 1847 жылы 20 августа Хиуа султаны Хожанияздың басқаруымен Жаңақала бекінісінде, қазақ сұлтандары Жаңғазы Шерғазиев пен Ермұхаммед Қасымов та бар, Сырдың оң жағасына өтіп мыңдаған қазақ үйін талап, қолға түскен қариялар мен жас балаларды суға тастап өлтіреді. Жанхожаның төрт батырын қолға түсіріп, өлтіріп жібереді. Сол сияқты Үстірттегі, Ново-Александровскідегі тыныш жатқан қазақ ауылдарына қарулы күшпен шабуыл жасап, тонап, қырып кетеді²⁰. Осы сияқта шабуыл, атыс, шабыс 1873 жылғы Хиуа хандығын орыс армиясы жаулап алғанға дейін жалғаса береді. Сөйтіп, 1873 жылы 12 августа Хиуа мен Ресей арасында келісім жасалып, Амударияның оң жақ бөлігі тегіс Россияға қарады да, сол жақ бетінде вассалды Хиуа хандығы қалды. Осылайша хандықтың екіге бөлінуіне байланысты оның халқы да бөлінді.

²⁰ Манишев А. Путешествие по Киргизским степям и Туркманстанскому краю. –СПб., 1896. Б. 19.

Қазақтардың негізгі бөлігі дарияның оң жағында, Амудария отделінде, Россия қарамағында қалды. Дарияның сол жағындағы сол кездегі қазақтар туралы: «XIX ғасырдың аяғында Амударияның сол жақ жағалауындағы көне Үргеніш, Хожелі, Қоңырат қалалары маңында тұратын 17610 қазақ болды»²¹ деген дерек бар. 1912-1913 жылғы көшіп-қондыру басқармасының санағы бойынша Амудария отделінде және оның болыс, ауыл бөлімдерінде 8227 шаңырақ немесе 49362 адам болған²². Мұның бәрі дерлік қазақтар еді. Хиуа хандығының Амудария отделінің қазақтары патша чиновниктерінің қанауында болды, ауыр салық, салғырт төлеп тұрды, феодалдық саудасаттықтың, саяси правосыздықтың зардабын шекті. Хиуа хандығының Амудария бойлап тек жаңа кезеңде ғана өмірлік бұғаудан босады. Қанаушылар мемлекеті жойылып, жаңадан жұмысшы шаруа, диқандар өкіметі құрылды. Ал Амударияның сол жақ бетіндегі вассалды Хиуа хандығы 1920 жылы жойылып, мұнда Кеңес өкіметі орнады.

Жоғарыда келтірілген тарихи деректерден біз бұл өлке қазақтарының қарақалпақ, өзбек, түрікмен халқымен көп заман бірге өмір сүріп келгенін көреміз. Соның нәтижесінде бұл өлке қазақтары біраз тілдік, этнографиялық ерекшеліктерге ие болған. Мұндағы қазақтардың тіліне әсіресе қарақалпақ тілінің әсері өте мол тиген. Айтып өткеніміздей, қарақалпақтар мен ол өлкеде тұратын қазақтар басқалардан гөрі территориялық, әкімшілік, экономикалық, мәдени жағынан көбірек байланыста болды. Бұл жердің қазақтарының тіліне басқа тілдердің әсері тиюінің екі жағдайын көрсетуге болады. Біріншісі – жергілікті қазақтардың қарақалпақ, өзбек, түрікмендермен тікелей шектесіп, аулы аралас, қойы қоралас отыруы нәтижесінде кірген сөздер мен тілдік құбылыстар. Екіншісі – басқа тілдердің бұл сөйленіске тікелей емес, оларға

²¹ Косбергенов Р. Положение каракалпакского населения в Хивинском ханстве в конце XIX начало XX вв. См.: «Материалы и исследования по этнографии каракалпаков». –М., 1958. Т. III. Б. 215.

²² Материалы по обследованию кочевого и оседлого туземного хозяйства и землепользования в Аму-Дарьинском отделе Сыр-Дарьинской области. Таблицы. –Ташкент, 1915. –вып. 2. Б. 382.

шектес қазақ тілінің басқа диалектілері, сөйленістері арқылы өтуі. Бұған сөйленістің өзбек, ұйғыр, кейде татар тілдерімен байланыстылығы жатады. Сөйленіске өзбек тілінің кей элементі шектес жатқан оңтүстік сөйленістері арқылы өтсе, татар, башқұрт тілдерінің әсері оның солтүстік батысында жатқан қазақ тілінің өзге сөйленістері де әр түрлі тарихи жағдайларға байланысты белгілі мөлшерде қарақалпақ өзкесінде тұратын қазақтар тілінде өз іздерін қалдырды. Ол іздер қазір зерттеліп отырған сөйленісте фонетикалық, грамматикалық, лексикалық тұрғыдан көрінеді. Өзіне тән осы сияқты ерекшеліктерінің болуы – Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілін өз алдына дербес диалектілік бөлшек, яғни дербес сөйленіс деп қарастыруға мүмкіндік береді. Өзге тілдің әсері көбірек сезілетін болғандықтан, бұл сөйленісті өтпелі (переходный), яғни аралас сөйленіс деп атауға болатын сияқты. Өйткені мұндағы жергілікті ерекшеліктердің көбі - өзге тілдің элементі. Мұндай сөйленіске тән белгі – «басқа тілден жергілікті халықтың бір бөлігіне ауысып, басқаларына тарамаған тіл ерекшелігінің болуы»²³. Мұндай ерекшелік басқа халықтармен аралас, қоныстас отырудан туады. Міне осы жайларды ескерсек, бұл сөйленісті зерттеудің жалпы өтпелі сөйленістің проблемасымен байланысты теориялық, практикалық мәселелерді шешуде аз да болса пайдасын тигізуі мүмкін екенін түсіну қиын емес.

Хорезм ойпаты қазақтарының тарихы, этнографиясы, этникалық тобы және тілінің ерекшелігін жинау, зерттеу мәселесі тиіп-қашып болса да ХХ ғасыр 40-жылдардан-ақ қолға алына бастаған-ды. Мұны біз 1947 жылы аспиранттар Ж.Аралбаев пен Қ.Бердімұратовтардың жинаған материалдарына сүйеніп айтып отырмыз. Кейін бұл материалдар 1960 жылдан кейін Қазақ Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының

²³ Кеңесбаев І., Мусабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. –Алматы, 1962. Б. 128.

ғылыми қызметкерлері Ә.Құрышжанов, С.Омарбеков, Қ.Өмірәлиев, О.Нақысбеков, Б.Ысқақов, А.Махмұтовтар арнайы экспедицияға шығып, Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тарихына, этнографиясына, ауыз әдебиетінің материалдарына және тілінің ерекшеліктеріне байланысты көптеген материалдар жинастырды. Солардың негізінде бір-екі газет, журналдық мақалалар жарық көрді²⁴. Бұл мақалаларда Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінің ең басты деген диалектілік ерекшеліктері жөнінде сөз болады. Бірақ қарақалпақ өлкесін қоныс еткен қазақтардың тілін монографиялық тұрғыдан зерттеген көлемді еңбек жазылмағаны мәлім.

Бұл еңбектің жазылуына негіз болған материалдар – 1960 жылға дейінгі Қазақ Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жинастырған материалдары, сонымен қатар 1961, 1962, 1963, 1964 жылдардағы Қарақалпақстанда төрт рет болған экспедиция материалдары. Бұған қосымша ӨзССР Ғылым академиясының Қарақалпақ филиалының Диалектология және тарих бөлімінің жинастырған материалдары пайдаланылды. Автор 1962, 1963 жылдары Қарақалпақ филиалының тарих және этнография бөлімі экспедициясының материалдарынан да аздап пайдаландық.

Біз зерттеу жұмысымызда Қарақалпақстанның солтүстік – батыс аудандарындағы қазақтардың ең жиі орналасқан колхоздарын, совхоздарын, ауылдарын толық қамтиды деуге болады.

Осының бәрі салыстырылып, сараланғанда Қарақалпақ өлкесінің солтүстік – шығыс аудандарының (Тақтакөпір, Мойнақ, Кегейлі, Шымбай, Қоңырат) тұрғындары тілінде кездесетін диалектілік ерекшеліктердің сипаты жағынан да, көлемі жағынан да біркелкі еместігі байқалады. Яғни олардың

²⁴ Құрышжанов Ә., Махмудов А. Қазақ тілі тарихы менен диалектологиясының изертленіуі хаққында // Совет Қарақалпақстаны. –Нөкис, 1960, 16 август; Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССРында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір «ерекшеліктер». Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы мәселелері. 5-шығуы. - , 1963. Б. 151.

біркатар көріністері тілдің фонетикалық жүйесі шеңберінде көрінсе, кейбір ерекшеліктері жергілікті халық тілінің лексика және грамматика салаларынан көрінеді.

Еңбек Қарақалпақстанның Қоңырат ауданында тұратын қазақтардың тілін бір аудан материалында диалектілік тұрғыдан зерттеуге арналғандықтан, әңгімеде мұнда тек жергілікті халық тіліне тән, әзір жалпы халықтық сипат алмаған, тілдік құбылыстар төңірегінде ғана болмақ.

Жұмыста халықтың тікелей ауызекі тілінен жиналған материалдардан тыс, иллюстрациялық материал есебінде қарақалпақ өзкесінен шыққан ақын-жазушылардың шығармаларынан, мектеп оқушыларының жазба жұмыстарынан мысалдар, үзінділер, текстер келтіріліп отырылды.

Жоғарыда келтірілген деректерге қарағанда, бұл өлкедегі қазақтардың қарақалпақ, өзбек және түрікмендермен көп уақыттардан бері ауылы аралас, қойы қоралас бірге тұрып келе жатқанын байқаймыз. Әрине, бұндай ұзақ бірге тұрудың нәтижесі бірінші кезекте тілдік фактілерден байқалады. Осы күнгі шығып жатқан ғылыми еңбектердің деректеріне қарағанда қарақалпақ, қазақ, өзбек және түрікмен тілдерінің бір-біріне игі әсері айтылып жүр²⁵.

Туыс тілдердің бір-біріне әсерін әлі де дәлірек анықтай түсу, олардың алдағы уақыттағы жағдайларына шолу жасау диалектология саласынан жазылатын еңбектердің бірден бір басты міндеті болып саналады.

Б) Қарақалпақстандағы түркі филологиясының зерттелуі мәселесіне

Осы өлкеде жасайтын түркі тілдес халықтардың бірі – қазақтар, олардың әдебиеті және сөйлеу тілінің жергілікті ерекшеліктерін үйрену және

²⁵ Аразқулиев С. Гарагалпагыстан АССР-нің Дөртгул районындақы туркмен гаплешиклери. –Ашхабат, 1961.

зерттеу мәселесі бұрынғы кеңес дәуірінде XX ғасырдың 60 жылдарынан басталып, бүгінге дейін жалғасып келеді.

Бұл игілікті істе Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының орны ерекше, Аталмыш ғылым орталығының басшылығымен республикадан басқа жерлердегі көптеген орындарға сапар шегіліп, экспедициялық ұйымдастырумен бірге, бірнеше ғылыми жұмыстарын жүргізді.

Бұдан жиырма жылдай бұрынғы Кеңес республикаларында жасайтын қазақтардың тілі толығымен зерттеліп, оларға тән жергілікті сөйлеу тілінің ерекшеліктері анықталған еді.

Дәлірек айтқанда, Қарақалпақстанда, Өзбекстан мен Түркменстанда жасайтындарын есепке алмағанның өзінде Алтай, Еділ (Волга) бойларындағы қазақтардың тілі де зерттелген. Бұл ерекшеліктерді талдап көргенімізде, өмір сүрген ортаның қазақтар тіліне ықпалы бар екендігі анықталады. Олар: қарақалпақ, өзбек, түрікмен, Алтайдағы түркі халықтарының тілі, татар және башқұрт тілдері. Демек, сол уақыттарға дейін республикалардағы қазақ тіліне тек түркі тілдерінің ықпалы болды. Ал Тәжікстандағы қазақтар тіліндегі тіл ерекшеліктерінің жағдайы басқаша. Яғни сол мекен қазақтар тіліндегі кейбір жеке сөздер мен сөз тіркестеріндегі ерекшеліктердің қазақ тіліндегі басқа диалектілер, сөйлеулеріндегі айырмашылықтармен сәйкес келмеуінің басты себептерін осылай түсіну керек.

Біз сөз еткен дәуірлерде көптеген зерттеушілер аталған істің халықтың өткені мен болашағы үшін маңызды екенін жақсы түсініп, бірталай зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Мәселен, Т.Айдаров (Өзбекстан), Н.Жүнісов, Б.Бекетов (Қарақалпақстан), Ә.Нұрмағанбетов (Түрікменстан) т.б. сияқты ғалымдар аталған республикалардағы қазақтардың ауызша сөйлеу тілінің құрамындағы

жергілікті сөйлеу тілінің ерекшеліктерін үйрену бойынша монографиялар шығарып, кандидаттық жұмыстар қорғады.

Сондай-ақ 1961-1963, 1970 жылдардан соңғы уақыттарда Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясы Тіл білімі, М.Әуезов атындағы Әдебиет және көркем өнер институттарының тілші ғалымдары, мамандары (Ә.Құрышжанов, А.Махмудов 70-жылдардан кейін С.Омарбеков, О.Нақысбеков), әдебиетші ғалымдар (Б.Ысқақов, М.Байділдаев, көркем өнер зерттеуші Т.Бекхожина т.б.) өлкеміздегі қазақтардың фольклорын, ауыз әдебиетін тіл ерекшеліктерін т.б. үйренеді, олардың қорытындылары кейбір мақалалар түрінде, сондай-ақ жинақтарда жарияланады.

Қарақалпақстандағы қарақалпақтар мен қазақтардың бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан тілі, тарихы, әдебиеті, этнографиясы тарихи тамырластығына байланысты деректер жиналып, оған көптеген фольклоршы, әдебиетші, тілші ғалымдардың қатысқанын.

Бұлардан тыс 1978 жылдан бастап НМПИ және ҚМУ жағындағы қазақ тілі және әдебиеті бөлімінің студенттері фольклорлық диалектологиялық практика кезінде осы туыс халықтардың жайласқан мекендеріндегі ауыз әдебиеті, фольклор, сөйлесу тілінің жергілікті ерекшеліктерінен бай материалдар жинаумен бірге, олар жөнінде ғылыми практикалық конференцияларда баяндамалармен қатысты, курс және бітіру мамандық жұмыстарын орындауда пайдалану мүмкіндіктеріне ие болды.

Белгілі әдебиетші, фольклоршы – ғалым Р.Бердібаевтың «Жыршылық дәстүрі» (1980) деп аталған еңбегінде Қарақалпақстандағы жыраулық өнерінің шындығында да қазіргі дәуірде «эпикалық аудан» екендігі өте көтеріңкі рухпен айтылса, зерттеуші С.Тойшыбаева қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің кейбір өкілдерін (А.Бегимов, А.Дабылов, С.Нұрымбетов, Ә.Сәрсенбаев, А.Тоқмағанбетов, С.Мәуленов т.б.) шығармашылығының

аударылу жағдайларын (қарақалпақша-қазақша, қазақша-қарақалпақша) жан-жақты сөз етіп, өз пікірлерімен ортақтасты.

Ал Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының баспадан шығарылған «Ақын-жыраулар» деп аталған ұжымдық еңбекте өлкемізде жасап, шығармашылықпен шұғылданған туыс халықтың көрнекті жырау-жыршылары (А.Тасқынбаев, Қ.Қалжанов, Ж.Аралбаев, Н.Рахманқұлов т.б.) жөнінде кең мәліметтер берілгенін көреміз.

Аталған мәселенің көңілдегідей орындалуында Қарақалпақстанда туылып-өскен, кемелденген, сол жердегі қарақалпақ, қазақ, өзбек, түрікмен т.б. халықтардың тілі, әдебиеті, тарихы, мәдениеті, этнографиясымен жақын таныс, көптеген ойлы-қырлы жерлерін мейлінше білетін бірқатар зерттеушілердің барлығын атап өту мүмкін. Осындай жандардың бірі – кең пейілді, досқа мейірімді, өз ісінің шебер маманы Қаржаубай Жұмажанов еді (1938-2007).

Ол өз зерттеулерінің нәтижесінде 1985 жылы «Ақындар поэзиясындағы фольклорлық және даралық дәстүр» деп аталған тақырыпта филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғады.

Сонымен қатар ол мұндай маңызды істерді бірнеше жылдар бойы жүргізді, оның «Халық ақындары поэзиясындағы фольклорлық және даралық дәстүр» (1993), «Сейдәлі ақын» (2002) атты монографиялары жарық көрді. «Асау-Барақ» дастанын П.Аманжоловтың авторлығында жариялады. С.Жұмабеков, Е.Құлпыбайұлы, Ж.Төлепов, Қ.Иманғалиевтің өлеңдері мен термелерін «Дала» журналында жарияласа, М.Әбілов «Қарақалпақстандағы қазақ ақын-жыраулар поэзиясындағы діни-ағартушылық ағым» тақырыбында филология ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғады (2001 ж.), сондай-ақ «Қазақ әдебиетіндегі діни исламдық поэзия» атты монографиясын (2003 ж.) баспадан шығарды.

Және бір айта кетерлік жайт - Қарақалпақстан өлкесіндегі қазақ ақын-жырауларының біздің дәуірімізге дейін қалдырған алтын мұраларын өткен ғасырдың 70-жылдарының екінші жартысынан өмірінің соңғы демдеріне дейін зерттеген ғалым Қ.Жұмажанов болды. Оның «Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті» атты бірнеше жылдық зерттеуінде ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бірінші жартысында жасап, өмір сүрген қазақ ақындарының өлмес мұралары бір қалыпқа түсіріліп, ғылыми жақтан талданады. Онда құнды және саналы пікірлер айтылған.

Біздің пікірімізше, бұл жұмыс өз кезегінде қазақ-қарақалпақ, сондай-ақ, қарақалпақ-қазақ ауыз әдебиеттерін, әдеби байланыстар мәселелерін зерттеушілерге айтарлықтай пайдасын тигізеді.

Сонымен көп жылдық ізденістер біз сөз еткен туыс халықтардың бірнеше ғасырлар бойы қалыптасқан қарым-қатынасы, бауырластығы мен достығын нығайтып, олардың шығармашылыққа деген талпыныстарын қолдап-қуаттайтыны сөзсіз, қазіргі заман ғылымының осы сала мамандары алдына қойған талаптарын көңілдегідей шешу мүмкіндігін береді деп ойлаймыз.

Қазіргі кезде Қарақалпақстандағы қазақ филологиясын зерттеу мәселесі мұнан әрі жалғасып келеді. Мысалы, 2006 жылы НМПИ ның қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының оқытушыларынан Ш.Құдыярова «Қарақалпақ және қазақ тілдерінің лексика-семантикалық өзгешеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Ал, оқытушы Ы.Құттымұратова Республиканың Шоманай, Қоңырат, Хожелі аудандарындағы қазақтардың сөйлеу тілі ерекшеліктерін үйренсе, Т.Төрткүлбаева осы өңірдегі ақындар поэзиясының фольклорлық дәстүрінің кейбір мәселелері бойынша ізденіс үстінде жүр.

Олардың ізденістерінде қарақалпақ тілі және әдебиетінен жиналған деректер салыстырылып қарастырылған. Бұл сияқты зерттеулер алдағы кезеңдерде де жүргізіледі деп ойлаймыз.

Себебі, өлкеміздегі туыс халықтардың тілі, әдебиеті, тарихы және этнографиясы т.б. мәселелерін зерттеу қазіргі қоғам дамуының қандай бағдарда бара жатқанын, ұлттардың өзара жақындығы және ықпалын жан-жақты білуде түрлі деректердердің көзін ашады.

II ТАРАУ

ҚАРАҚАЛПАҚ ҚАЗАҚТАРЫ ТІЛІНІҢ ФОНЕТИКАСЫ ЖАЙЫНДА

А) Дауыстыларға байланысты ерекшеліктер

Қарақалпақстанда жасайтын қазақтардың тіліндегі лексикалық және грамматикалық ерекшеліктерге салыстырғанда – фонетикалық айырмашылықтар шағын орынды иелейді. Олардың шағындығы - сөйленістің дыбыстық құрамының қазақ әдеби тіліндегі құрамнан аз көлемде болуымен мен сипатталады. Дәлірек айтқанда, сөйленістегі дыбыс саны және олардың жасалу орындары әдеби тіліміздегі дыбыстармен қабысып, шендесіп жатады.

Сөйленісте фонетикалық ерекшеліктердің көріністері шағын десекте, өз алдына әңгіме етерлік құбылыстар да жиі кездеседі. Ерекшелік деп танырлық құбылыстар сөйленістегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың өзара алмасулары немесе олардың белгілі бір сөздерде түсіп қалуы, кейбіреулерінің қосылуы арқылы көрінеді. Әрине, бұларды абсолюттік тұрақтылық деп қарау жиналған материалдармен сәйкеспеген болар еді.

Сөйленістегі дауысты дыбыстарға байланысты құбылыстардың қатарына мына сияқты дыбыс сәйкестіктері жатады:

а/ә әдеби тілдегі жуан дауысты «а» дыбысының орнына сөйленістегі бір қатар сөздердің бірінші буынында жіңішке «ә» қолданады. Осы дыбыс алмасуының нәтижесінде әдеби тілдегі жуан айтылатын сөздер жіңішке түрінде естіледі; *қане* сөзі *қәне* формасында қолданылады. Бүгінгі істеген жұмыстарыңыз *қане*?

Кей орындарда *ә>а* құбылыстары да сезіледі: *қары-кәрі*. Үлкейген адамда *қарылық* басым келеді-ау т.б.

Көріп өткеніміздей, сөйленісте «а» дауыстысы әдеби тілдегі «ә» мен алмасады. Бірақ алғашқыға қарағанда соңғы құбылыс белгілі бір сөздер де тар шеңберде ұшырасады. Әрі көбінесе сөздің басында өзгеріп келеді. Ондай сөздер: *Али, Әдеп, Алтай (Әлтай), қары, ары* т.б.

Мұнда көп жағдайда «ә» дыбысының «а» ға адам аттарымен байланысты алмасып отыратығындығы байқалады: Жаңағы *Али* қайда жоғалды? *Али* біздің жұмысымызды пітіруіне сеніміміз мол. Алтай көп балықты арқалап үйіне кірді.

Әдеби тіліміздегі «ә» дыбысымен айтылатын бір қатар сөздердің ертедегі түркі жазба есткерткіштерінде «а» дыбысымен келуінің өзі «ә» фонемасының қазақ тілінде кейін пайда болғандығының кепілі тәрізді²⁶.

ә/а. Әдеби тілдегі жіңішке дауысты «ә» дыбысының орнына сөйленісте біршама сөздер де жуан «а» дыбысы қолданылады.

Аура-әуре.

Қарып-кәріп.

Маз-мәз.

Барын-бәрін.

Ары-әрі.

Забыр-зәбір т.б.

Мысалы, я өзбекше, я түрікменше емес бір аура. Жұрттың барын байрақтады. Үйткені, Жанқожаның моласы Жаңадариядан ары. Көрген забырма ат бойламайды.

Келтірілген дыбыстық алмасулар қазақ тілінің басқа сөйленістерінде де бой көрсетіп қалып отырады. Семей облысының Үржар, Мақаншы аудандарында «тәрбие» сөзі «тәрбия» формасында Аягөз ауданында жардам-жәрдем орнына, аял-әйел орнына айтыла береді.

ә/е. Бұл құбылыстың *ә/э* алмасуына қарағанда аясы тар. Тек қана бірлі-жарым сөздерді қамтиды: кемзал-камзол орнына, шерт-шарт, кейтем-қайтем т.б. деген сияқты сөздерде е дыбысы бірінші буындарда ғана алмасатынын байқайтын болсақ, ал төмендегі сөздерде екінші-үшінші буындарда да кездеседі: миуа-миуе, мақсат-мақсет, қалем-қалам, жорта-жорта, шертдесеміз-шарттасамыз, шерепет-шарапат т.б. Мұндай дыбыс

²⁶ Нұрмағанбетов Ә. Түркменстандағы қазақтардың тілі. –Алматы, 1974. Б. 32.

сәйкестіктері басқа сөйленістерде де ұшырасады. Арал сөйленісінде мөрже-моржа, тірнектеу-тырнақтау²⁷. Түркменстандағы қазақтар тілінде шерт-шарт, миуе-миуа²⁸. Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың тілінде: қалегенің-қалағаның, жаутеңдеу-жаутандау, тәлен-тараж, талан-тараж, дәне-дана т.б. Ал енді осы құбылысты жергілікті қарақалпақтар мен түрікмендердің ауызекі сөйлеу тілінен де кездесетіруге болады.

а/ы. Дыбыс алмасуларының бұл түріне мына сөздер мысал бола алады: Дастырқан-дастарқан, туры-тура, жыпырып-жапырып, аз-мыз –аз-маз. Нан ана дастырқанда тұрыпты ғой, алып жесең болмай ма? Туры барады сол жол, жолда пайапл бар. Бір жақ шекесін оқ жыпырып кеткен бір адам кіріп келді. Планға колхоз аз-мыз жетпей тұрыпты-ау!

Бұл құбылыс қазақ тілінің Арал (бұлындау-бұланду, дыбыл-дабыл, тықыр-тақыр, сыңлау-саңлаут.б.), Шу (тыпын-топан, қысып-қысап, сынамыққа-сынамаққа), Қарақалпақстанның солтүстік (дыбыс-дабыл, ожыр-ожар, айырмысы-айырмасы т.б.), Маңғыстау сөйленісінде (ықпыл-ықпал, шатқыл-шатқал)²⁹ ұшырайды. *А* мен *ы*-ның алмасулары Қарақалпақстанның оңтүстігін мекендейтін қарақалпақтарда (туумыйды-туумайды) бомыйды-болмайды, түркмендерде (быракь-бармақ, чайшыкь-чайшан, ыгламакь-аңламақ, жалбыр-жалбар) кездестіруге болады.

С.Омарбеков Маңғыстау сөйленісіндегі *а* мен *ы* ның алмасуларын сөз еткенде, бұл дыбыстар туралы Ф.Б.Исхаков пен Н.П.Дыренковалардың пікіріне сүйене келіп, бұл тек қазақ тілі үшін тән құбылыс емес, бірқатар түркі тілдерінің фонетикалық жүйесіне де тән құбылыс екенін айтады.

е/а. Сөйленістегі *е* дыбысының тіл арты *а* дыбысына алмасуы көбінесе сөздердің екінші, үшінші буындарында кездеседі. Есап-есеп, әбдан-әбден, аура-әуре, мекан-мекен, әміра-әміре, үкімат-үкімет, диырман-диірмен т.б.

²⁷ Қалиев Ғ. Арал говоры.: Филол. ғылым. канд. дис. ... –Алматы, 1954. Б. 39.

²⁹ Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. –Алматы, 1965. Б. 51.

Құмның ішінің есабы бола ма? Ешнәрсе түсінбей есапшы болдым. Құдайдың аурасы. Көшіп келгенімізге жетпіш жыл болды. Жалаңның көзі әдепкі меканымыз.

Осындай құбылыс Қазақстан территориясында: Семей облысы Көкпекті, Ақсуат аудандарында (керемат-керемет), Арал (аял-әйел, алапат-әлемет, егар-егер, үкімат-үкімет), Шу (бекарға-бекерге, дәража-дәреже, шидан-шиден, атпан-атпен), Қарақалпақстанның солтүстігіндегі қазақ сөйленістерінде (макама-мекеме, қодыраң-көдірең, белбау-белбеу, есап-есеп, бикар-бекер) кездеседі. Ал жергілікті қарақалпақ және түркмен тілдерінің ауызекі сөйлеу тілінде бұл құбылыс мол ұшырасады³⁰. Демек, бұл ерекшеліктер осы халықтардың жергілікті қазақтарға тілдік әсері.

е/ә. Бұл дыбыс сәйкестігін біз Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарында тұратын қазақтар тіліндегі басты ерекшеліктердің бірі демекпіз. Өйткені оның сөйленісте өрісінің кеңдігі соншалық, сөздердің бірінші, екінші, үшінші буындарында да, тіпті сөздерге жалғанатын қосымшалардың құрамында да жиі кездеседі:

Кәбіруақ-кейбіруақыт

Ләген//ләген-леген

Несиби-несібе

Нәсіп-несіп

Дәреу//дәрреу-дереу

Нәпес//Непес-Лепес (адам аты).

Дәп-деп

Кәмпір-кемпір

Төбәсі-төбесі

Көпмәдік-көрмедік

Керак-керек

Ертәден-ертеден

³⁰ Бекбаулов У. Қарақалпақ тилинің түслик диалектисиниң фонетикасы бойынша бирқанша байқаулар // ӨзР ИА ҚҚФ Хабаршысы. –Нөкис, 1964. -№4. –Б. 79.

Дүкән-дүкен
Ештәңәні-ештеңені
Дәрәжәлас-дәрежелес
Жүргәндә-жүргенде
Кішірәгі-кішірегі
Мәмләкәт-мемлекет
Дәрәк-дерек

Бұл алмасулар Қазақстан территориясында Семей мен Шығыс Қазақстан облыстарының біраз аудандарында, сондай-ақ қазақ тілінің Шу сөйленісінде кездеседі. Ал Қазақстанның тыс жерде Таулы Алтай облысындағы Қошағаш ауданында, сонымен қатар Қарақалпақстанның солтүстігінде тұратын қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінен де көрінеді. Осы жағдайды жергілікті түрікмен сөйленістерінен де байқауға болады: нәресе (наресте-нересе, мәмлекет-мемлекет, шәһәр//шәхер-шәхәр)³¹.

Осы құбылыстың немесе *e* нің орнына *ә* нің қолданылуы қарақалпақ тілінің оңтүстік сөйленісі үшін дағдылы құбылыс екенін қарақалпақ тілін зерттеушілер оған көрсеткен болатын. Әрине, біз сөз етіп отырған тұрғындар тіліндегі бұл құбылыстың басым көпшілігін қарақалпақ тілінің әсері дегеннен гөрі, аралас отырған өзбек тілінің әсері деу орынды. Өйткені, бұл сөздердің өзбек тілінде айтылуына жақын екендігі өзінен өзі көрініп тұр. Бұл бір, екіншіден бұл аудандарда өзбектердің сан жағынан көптігі, баспа сөздің өзбек тілінде шығатыны, радио хабарларының, сол сияқты іс қағаздарының өзбек тілінде жүргізілуі – бәрі де жергілікті қарақалпақ, түркмен, қазақ тілдеріне әсерін тигізуі заңды құбылыс.

e/u. Дыбыс сәйкестігінің бұл түрі сөйленісте, бес-алты сөз көлемінде ғана байқалады: исәп-есеп, бикар-бекер, ікі-екі, бине-бейне, биім-бейім, нише-неше.

³¹ Аразкулыев С. Гарагалпагыстан АССР-ның Дөртгүл районындағы түркмен геплешиклери. –Ашгабат, 1961. Б. 26.

Сөйлегеніңнің өзі де лекцияға исәп. Сұлтанбек Қамар бинесін романтикалық планда ондай адам сирек кездесетін етіп суреттейді.

Бұл құбылыс басқа қазақ тілі сөйленістерінде кездеспейді десе де болады. Тек қана Қарақалпақстанның солтүстігіндегі қазақтар тілінде: бикарға-бекерге, тикимет-текемет сияқтылар кездеседі. Бірақ, бұл құбылыс өзінің аумағы жағынан Қарақалпақстанның солтүстік аудандарына қарағанда оңтүстік аудандарында тұратын қазақтар тілінде жиірек қолданылады. Қазақтардың тіліндегі бұл жағдайды қарақалпақ тілінің әсері деп есептейміз. Себебі *и* дыбысының алдынан келген *е* дыбысы *и* ге өзгеріп айтылуы қарақалпақ тілінің солтүстік диалектісінің Шымбай сөйленісінде: (дейді-дийді, дейтұғұн-дийтұғұн, жейме-жийме) баршылық.

e/i. *Е* дыбысының кей сөздердің құрамында *І* дыбысы мен алмасып келуі де ерекшелік туғызады: ің-ең, несібі-несібе, дөңірік-төңірек, кішкіне-кішкене, өткіл-өткел, бәйгі-бәйге, ерегіс-ерегес, тәйкі-тәйке т.б.

Дүз несібің көтерілетін болды ғой. Дөңірік он бес қожалыққа өліп толады. Мұны ит жүзім дейді, қап-қара болады, парқы кішкінесі.

e/i. Дыбыс алмасуы Қарақалпақстанның солтүстік аудандарында мекендеуші және Түркменстандағы³² қазақтардың тілінде кездеседі. Ал Қазақстан территориясында Семей облысының Абай, Шұбартау, Көкпекті, Ақсуат, Шығыс Қазақстан облысының Большенарым, Семейдің Аякөз аудандарында тұратын қазақтардың сөйлеу тілімен бірге Маңғыстау сөйленісінде де ұшырайды. Бұл тәрізді дыбыс сәйкестіктері қарақалпақ тілінің оңтүстік диалектісінің фонетикалық ерекшеліктерінде де кездеседі.

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендейтін қазақтар тіліндегі кездесетін дауысты дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің бірқатары ерін дыбыстарына байланысты.

³² Жүнісов И. Қарақалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говоруы.: Филол. ғылым. канд. дис. ... –Алматы, 1965. Б. 32; Нұрмағанбетов Ә. Түркменстандағы қазақ говоруы.: Филол. ғылым. канд. дис. ... –Алматы, 1965. Б. 50.

о/ұ бұл алмасу батыс сөйленістеріне тән: сораймын-сұраймын, қолданылады-құлданылады, сұрақы-сорақы, ұяту-ояту.: Мұның сұраймын дегенін қайдан білсін? Биыл совхоз тырманы көп құлданды. Баланы ұяту керек, көп ұйықтады.

Жоғарыдағы дыбыс алмасуына керісінше әдеби тілде «ұ» дыбысы келетін жерде сөйленістегі азғана сөздерде «о» (дыбысы) айтылады: марком-марқұм, оқсату-ұқсату: сенің әкең маркомның алғаны біздің Тілеубайдың қызы еді-ау. Кеше оны масқара етіп оқсатып сөйледі.

о/ұ. Дыбыс сәйкестіктерінің бұл түрі мына сөздерді қамтиды: ұс/ыв, ара/осы ара –ұсыйер, дұмалақ-домалақ, сұпы//супы-сопы, сұрақы-сорақы, және т.б. Соңғы құрытынды сөз. Ұсы келісте сегізінші ауылға кетті. Содан бері ұсы арадамыз. Дұмалақ қара баласы ғой депті.

Енді бірқатар сөздерде керісінше құбылыс –ұ дыбысының о дыбысына алмасуы байқалады. Сорадым-сұрадым, сорау, сораймын-сұраймын, омар-жомар-ұмар-жұмар, тор-тұр, сорақ-сұрақ.

Басқа сүйегі жоқ, неліктен деп сорадым. Сауал сорамын деген омар-жомар кіріп ұстайтын болды. Тор орнына, жылама.

Сөз болып отырған құбылыс ұ мен о ның бір-бірімен алмасулары Қазақстан және одан тысқары жерді мекендеуші қазақтардың тілінен де табылады. Мысалы, Арал сөйленісінде: Боқалу-бұқалу, марком-марқұм, болжамыс-бұлжымас³³ сияқты сөздерді кездестіреміз.

ұ/ы. Бұл да зерттеліп отырған сөйленісте кездесетін ерекшеліктердің бірі. Бұл құбылыстар пәлендей бір ізділік жоқ және сөйленістегі барлық сөзді қамтымайды. Мысалы:

Мағлымат-мағлұмат

Тымар-тұмар

Ыят-ұят

Ымыту-ұмыту

³³ Қалиев Ғ. Арал говору.: Филол. ғылым. канд. дис. ... –Алматы, 1954. Б. 47.

Шышық-шұжық

Ымытып-ұмытып

Қыбыла-құбыла

Тымақ-тұмақ

Тыну-тұну

Сырқия-сұрқұя

Ысқынсыз-ұсқынсыз

Бызау-бұзау

Мағлыматты адам емес. Ыят нәрсе ғой. Үйге келген соң даңдаң бала ымытады. Қуырдақ емеш шышық. Әзір айтсақ, соң ымытып кетед. Жолдың қыбыла бетіндегі үйлердің ішінде болу керек.

Осы жағдай Шығыс Қазақстан облысының тұрғандары мен Маңғыстау сөйленісінде де бышық-пұшық, жылын-жұлын, жыму-жұму түрінде кездеседі. Сөз етіп отырған құбылыс тек қазақ не қарақалпақ тілдерінің сөйленістеріне ғана тән құбылыс емес, мұның түкрем, азербайжан тілдерінің сөйленістерінде де ұшырасатынын көреміз³⁴.

ө/ү. Бұлардың өзара алмасуы арқылы да ерекшелік туады. Мысалы: өрдек-үйрек, мөңкіп-мүңкіп, төрпі-түрпі т.б.

Керісінше *ө* дыбысы *ү* мен алмасып та келіп отырады: күңіл//кеуіл-көңіл, нүсер-нөсер, үне бойы-өне бойы.

Адамның күңлі гүл. Биыл бәһәрде үне бойы нүсер жауыны үзбей жауып тұрды.

Бұлармен қатар тұрғындар тілінде *ө* дыбысы езулік *е* дыбысымен алмасып отырады. Кесеу-көсеу, ерік-өрік.

Келтірген тәрізді дыбыстық сәйкестіктер Қарақалпақстанның Төрткүл ауданында тұратын түркмендердің ауызекі сөйлеу тілінде де бар.

Тұрғындардың ауызекі сөйлеу тілінде бірлі жарым сөздерде әдеби тілде еріндік жіңішке *ү* фонемасы айтылатын жерлерде езулік жуан *ы*

³⁴ Аразкулыев С. Гарагалпагыстан АССР-ның Дөртгүл районындағы түркмен геплешиклери. –Ашгабат, 1961. Б. 35.

фонемасының қолданылатыны көруге болады: ысқырық-үскірік, шыберек-шүберек.

Сондай-ақ әдеби тілдегі қысаң *i* дауыстысы *e*, *ү*, *ы* дыбыстары мен алмасып отырады.

i/e. Кешкентай-кішкентай, үлгеру-үлгіру, ескерген-ескірген, бие-бүйі. Біздің балалар қызықпайды да, бірақ ең кішкентайлары ұстайды. Үлгіру мәселесі төмен. Олар ескерген парта.

Осы тәрізді құбылыс Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендейтін қазақтармен Түркменстандағы қазақтардың ауызекі сөйлеу тілдерінде байқалады³⁵. Таулы Алтай облысындағы қазақтар тілінде (ерегесу-ерегісу, серенке-сіріңке, бүлдіргі, мешет-мешіт)³⁶ ал Қазақстан территориясында Маңғыстау қазақтарының ауызекі сөйлеу тілінде: түсінек-түсінік, сенек-сенік, үлгеру-үлгіру түрінде ұшырайды³⁷. Бірлі жарым сөздерде *i* мен *ү* алмасады: (індеме-үндеме): бұл құбылыс қазақ тілінің Шу сөйленісінде де (дәстір-дәстүр, чіберек-шүберек, ін-тін- үн-түн)³⁸.

i/ы. Бұл құбылыс мына сөздер құрамында көрінеді: дыйрман-диірмен, бырақ-бірақ, мұғалым-мұғалім, қадыр-қадір, ылым-ілім, быраз-біраз т.б.

Бырақ сиыр жегі, беш кило сары май план. Мұғалымның барлығы түркіпен қадырым бар адаммын. Ол ылым жетіспесе қайдан біледі. Науқанның жапырағын әкелгенде быраз дұрыс болар еді.

ы дыбысының *i* дыбысы орнына қолданылуы Қазақстанда Семей облысының Аякөз ауданында (он бір – он быр, бір сыпыра – быр сыпыра, тиісті-тыйысты, піскен-пысқан) ұшырайтынын көрсете келіп, Ж.Болатов Шығыс Қазақстан облыстарындағы аудандарда сондай-ақ Семей облысының Үржар, Мақаншы аудандарында жиі қолданылатынын және Қазақстаннан

³⁵ Жүнісов И. Қарақалпақстандағы қазақ тілінің ауыспалы говоруы.: Филол. ғылым. канд. дис. ... –Алматы, 1965. Б. 44; Нұрмағанбетов Ә. Түркменстандағы қазақ говоруы.: Филол. ғылым. канд. дис. ... –Алматы, 1965. Б. 52.

³⁶ Болатов Ж. Қошағаш қазақтарының тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері Ктт мен Дм. 4-шығуы. –Алматы, 1962. Б. 71.

³⁷ Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. –Алматы, 1965. Б. 52.

³⁸ Нақысбеков О. Шу говоруы.: Филол. ғылым. канд. дис. ... –Алматы, 1963. Б. 35.

тыс жерде Таулы Алтай облысында, Монғолияда тұратын қазақтардың тілінде кездесетінін айтады.

ы/а. Мана-мына, дабыстап-дыбыстап, құдағай-құдағи, арқалы-арқылы, жөн-жосық.

Мана адам көз болмаса қиын екен. Мал суғарған болғай деп кел жатса, шарықтың «йық-йық» деген дыбысы шығады.

Бұл тәрізді алмасуларды Арал сөйленісінде (жөн-жосық-жөн-жосық, Шамырқану-шымырқану, қыйсақ-қисық), Орынбор облысының Адамов, Бөрте аудандарында және Түрікменстан мен Қарақалпақстанның солтүстік аудандарын мекендеуші қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінен кездестірге болады.

ы/а дыбыс алмасулары жергілікті қарақалпақтардың ауызекі сөйлеу тілінде байқалмаған мен түрікмен тілінде сондай-ақ түрікмен тілінің сарық, емут диалектісінің күн батыс сөйленістеріне тән³⁹. Бұл құбылыстар қазақ, қарақалпақ тілдерінен гөрі оғыз тобындағы тілдерге меншіктілігі байқалады. Енді біз сөздерде езулік «ы» дыбысы орнына «ү» дыбысы айтылады. Мысалы: Бекмұрза-Бекмырза, мұрза-мырза, мұржалы-мырзалы, тұнбай-тынбай.

Біз жоғарыда говор өкілдерінің сөйлеуінде дауыстыларға байланысты кейбір ерекшеліктерді көрдік.

Осылайша сөз етілгендерден ерекше дауысты дыбыстарда сөз ортасында санаулы дыбыстардың қосарлануы (эпентеза), немесе кейде информаторлар тәрепінен сөз аяғында дауыстыларды қосып айтуы (эпитеза) жағдайларында байқап қалдық. Бұндай жағдайларды жинаған материалдар негізінде беруді ойладық.

Эпентеза. Аталған заңдылықта дауысты дыбыстардың бір сөзге қосылып айтылу жәйттерін байқаймыз. Біз ондайлар қатарында басым көпшілік уақытта *а, е, и, і, у, ы* дабыстарын келтірсек болады.

³⁹ Аразкулыев С. Гарагалпагыстан АССР-ның Дөртгүл районындағы түркмен геплешиклери. –Ашгабат, 1961. Б. 30.

Бұл өңірдегі қазақ говорында айтылған сияқты өзгерістер мен айтылатын сөздердің бірқаншасын байқадық: арайлас-аралас, диуал-дуал, көрйіп-көріп, таспын-тасып, пәтія//бәтія бата, қалжырау//қалжаурау-қалжырау т.б.

Эпитеза. Қазақ әдеби тіліне салыстырғанда зерттелген говорда кейбір сөздердің соңынан дауысты дыбыстар қосылып, кейде қосарланыпта келуін көріп қаламыз: арза//ариза-арзия, кірей//кірейт-кіре (кірейге қосу), ілгеншек//ілмешек-ілгешек т.б.

Бұл сияқты заңдылықтарды, яғни түркі тілдерінде дауысты дыбыстардың кейбір сөздерге қосылып айтылуы туралы дер кезінде Қарақалпақстанның Солтүстік аудандарындағы қазақ тілінің ерекшеліктерін зерттеген Н.Жүнісов айтқан еді⁴⁰. Осы құбылыс Таулы-Алтай өлкесінің Қоңырат, Батыс Қазақстанның Чапаев, Жымпиты аудандары, Түрікменстан тұрғындағы тілінде кездеседі.

Синкопа. Біздің зерттеу объектіміз болған осы говорда әдеби тілге салыстырғанда кейбір сөздерде дыбыстардың түсіп қалуын да байқадық. Тілде бұндай заңдылық негізінен дыбыстық қысқару арқылы іске асады. Алайда мұндай қысқару көпшілік жағдайларда сөз ішіндегі дыбыстардың бір-біріне тікелей әсер етуі арқылы жүзеге келеді.

Мысалы, қазақ әдеби тілінде басым көпшілік кезеңдерге қолданылатын *a* дыбысы осы жердегі қазақтар және қарақалпақ тұрғындары тілінде де түсіріліп қолданыла береді: жуап-жауап, сауал//суал сұрақ т.б.

Б) ДАУЫССЫЗДАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Зерттеліп отырған сөйленісте дауыссыз дыбыстарға байланысты ерекшеліктердің ішінде алдымен көзге түсетіні әдеби тілде жуан айтылатын сөздердің көбіне жіңішке айтылуы болып табылады.

⁴⁰ Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. –Алматы, 1981. Б. 30.

Қарақалпақстан аймағында жасайтын қазақтар тілінде «ч» дыбысының «ш»ға алмасып айтылатын реттерін естідік: Оның қолында шавадан бар еді. Ол бүгін көбірек шай ішті.

Қазақ сөйленістеріндегі «ч» дыбысының тарихы және оның қазақ тіліне ертеден тән немесе көрші тілдердің әсері деп қарайтын көз қарастардан туған ғалымдар пікірлері бар.

Алайда бұл жағдайларды зерттеліп отырған сөйленістегі аффрикат әсері деп білеміз.

Айта кетерлік бір нәрсе – қазақ тілінің басқа диалектілері мен сөйленістерінде кездеспейтін «ч» ның «ш» болып ауысуы Қоңырат ауданы қазақтарының тілінде де бар. Мұны сол сөйленісті зерттеуші өзбек тілінің әсері деп қарайды.

б/п дауыссыз дыбыстардың өзара алмасуында жиірек кездесетін билабиаль фонемалардың ішінде ұяң «б» дыбысының қатаң «п» дыбысына айналып кету құбылысы көбінесе сөздің басында бірен-саран ғана ұшырайды: Пұтақ-бұтақ, Полат-Болат, палапан-балапан, пітеу-бітеу, піту-біту, піткерген-біткерген (поррық-боррық) т.б. Осы алмасуға кері құбылыс-қатаң «п» дыбысының ұяң «б» дыбысына алмасып айтылатын сөздерде бар. Бірақ мұндай сөздер алғашқы құбылысқа қарағанда әлде қайда тапшы: бісіру-пісіру, бітіру-пітіру т.б.

б/п, п/б түріндегі дыбыс алмасулары жиналған диалектологиялық материалдарға қарағанда тек осы зерттеліп отырған сөйленіске тән емес. Мұндай құбылыстар Қазақстан территориясының региондарындағы бірқанша райондарында тұратын қазақтардың тіл өзгешелігінде де, сонымен бірге Қазақстаннан басқа жердегі қазақтар тілінде де қолданылады⁴¹.

д/л қазақ тілінде *д/л* сесінің алмасуы сөйлесімдер топарының біреуінде «л» (мандай) біреуінде «д» (мандай) т.б. сесінің қолданылуы қазақ сөйленістің ірі екі топарға бөлінетұғындығын анықтайтын белгілерінің бірі,

⁴¹ Досқараев ., Байғанин Ж. Қазақ тілі тарихы мен диалектология. –Алматы, 1960. Б. 9-10. 2-шығуы.

бұл факт. Бұндай деуіміздің себебі біреуінде «д» орнына «л» бәреулерінде болса «л» орнына «д» сестерінің қолданылуы тәрепінен кең құбылыс. Сонымен әдеби тілде «д» келетін кейбір қосымталардың да, сондай-ақ кейбір сөздердегі көнерген қосымталарда да «л» сесі қолданылады. Мысалы: тыңлау-тыңдау; Хәзирлери теңлик болды ғой. *Тұңлик*-түндік; Қара үйдин түңлигин ашып жибер балам. Санлақ-сандақ; Жақсылап бекитиң саңлақ қалмасын т.б. мысалдарды айтуымызға болады.

Қәйтін жұмыстасаң да өзің жұмыста деді. Әттеген-ай ұзын жолға *баратырғанда қәте* алды-ау деп ойлап едім. Бұны *қәйтем* шырағым-ау, өзіңнен өзің *тәстап* кетесің. Торғайдың баласы *әлдіне* тап берді. Ескіде *күнәлі* қылып қаралғанда дыбыстық төрт *шәрт* бар.

Мұндай дыбыстық құбылыс қазақ тілінің басқа да сөйленістерінде ұшырайы. Бірақ бұл сөйленісте жуан сөздердің жіңішке айтылуы әлдеқайда жиі және қамтитын сөздері де молырақ. Оның себебін көрші отырған өзбек тілінің әсері деп ұғынамыз. Өйткені көрсетілген сөздердің бәрі дерлік өзбек тіліндегі айтылуына жуық. Осы құбылыс қарақалпақ тілінде, тәлеп-талап орнына, әл-хал, әнерде-анау жерде, әйше-айша, түркімен тілдерінде де дәне-дана ұшырайды.

д/т әдеби тілдегі «д» дыбысынан басталған біршама сөздер сөйленісте қатаң «т» дыбысымен алмасып айтылады. Бұл құбылыс сөз ортасында сирек ұшырасады. Сөйленісте «д» дыбысынан басталатын сөздерге мына төмендегілерді келтіруге болады: дізім-тізім, домалақ-томалақ, даяр-таяр, топ-доп және т.б. Былтыр халықтың дізімін көп алды ғой. Қазірлері таяр жерді егетін болды.

Қазақстан жеріндегі кейбір аудандарда «т» дыбысының орнына «д»ның қолданылуында оғыз, қыпшақ тілдерінің (IX-XI ғасыр) бір-біріне әсері болуы ықтимал⁴².

⁴² Құрышжанов Ә. Қарақалпақстан АССР-ында туратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Қазақ тілі мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. –Алматы, 1963. Б. 159.

Ә.Құрышжанов, Ж.Досқараев т.б. ғалымдардың көрсетуі бойынша алғашқы пайда болған «т»ның ұяңдасуы нәтижесінде «д» дыбысы келіп шыққан. Егер бұл пікірлерге қосылсақ, қазіргі әдеби тіліміздегі сөз басындағы «д» ұяңдау нәтижесінде пайда болып, кейін қалыптасып кеткенде, зерттеліп отырған сөйленісте кей сөздердің «т» дыбысы өзінің алғашқы қатаңдық қалпын сақтап қалған. Сақталып қалуға мүмкін дейтін тағы бір себебіміз XIII ғасырдағы Әбілғазы шығармасында сөз басында «д» дыбысы тек кірме сөздерде ғана кездесіп, түркі тілдерінің сөздеріне тән еместігі көрінеді. Оғыз тобына жататын тілдерде сөз басында көбіне «д» дыбысы қолданылады дей тұрсақта, олардың диалектілерінде «д» орнына «т» қолданылатындығы бар.

Мұның өзі «т» дыбысы сол тілдердің өзінде де сақталғандығының дерегі болып табылады.

с/ш шұғыл дауыссыздардың ішінде әдеби тілде «с» дыбысының айтылатын бір бөлек сөздердің сөйленісте «ш» мен қолданылатындығын көрсетуге болады. Басқа дыбыстардың өзара алмасуынан бұлар алмасуы сөз басында, кейде аяғында да ұшыраса береді. Аталған дыбыстардың сөз ортасында алмасуларына мысалдар келтірейік: мышық-мысық, қоштау-қостау, ешек-есек т.б.: бұрын ол жерде мышықтың мұрны батпайтын пішен болатын еді. Қазір барлық басшының сөзін қоштап кетті ғой. Қазірлері атызға ешек міну де қалып бара жатыр.

Келтірілген пікіріміз дәлірек болуы үшін сөйленістегі «ш» мен айтылатын сөздердің Қарақалпақстандағы қазақтардың тілінде «с» басқа аудандардағы қалай «з» дыбысталатындығын ғалым Ә.Құрышжанов орынды байқаған⁴³: тышқары-тысқары, тысқан-тышқан: топырақтан тысқары болса, адам баласы өмір сүре береді. Салыны қаптап қойсақ жақсы-ау, тышқан қоймайды-ғой.

⁴³ Құрышжанов Ә. Қарақалпақстан АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. 5-шығуы. –Алматы, 1963. Б. 161.

Дауыссыздардағы басқа құбылыстар. Біз жоғарыда Қарақалпақстандағы қазақ говорында кездесетін дауыссыздарға байланысты ерекшеліктерден басқа ол жердегі мәлімет берушілердің тілінде дыбыстардың түсіріліп айтылуы (аферезис), ішінде кейбір сөздерде жаңа дыбыстың пайда болуы, қосылуы (эпентеза), кей кездерде сөздер ішіндегі, немесе ортасындағы дыбыстардың түсіріліп айтылуы (синкопа) және сөздегі белгілі екі дыбыстың бір-бірімен орын ауыстыруы (метатеза) сияқты құбылыстарды байқадық.

Аферезис. Біз зерттеген аймақтағы қазақтар және осы оңірде көршілес отырған қарақалпақтар тілінде де *x* мен *k* дан басталатын өзге тілден кірген сөздердің басқа дыбыстарының түсіріліп айтылу жағдайын байқадық.

Мұндай заңдылықтың Қарақалпақстанның солтүстік, сондай-ақ оңтүстік аудандарында жасайтын қазақтардың, сондай-ақ қарақалпақтар тілінде де бар екендігін зерттеушілер белгілеп өткен еді.

Осындай құбылыстар өз тіліміздің төл сөздеріне салыстырғанда араб-парсы тілдерінен енген сөздерге көбірек келеді: әзір-кәзір, үрпет-құрпет, әсірет-хасірет, қәсірет, айран қалу, хайран, қайран қалу т.б.

Біз атап өткен сияқты сөз басында дыбыстың түсіп қалу жағдайы қазақ тілінің өзге говорларында да бар екендігі жайында да мәліметтер бар. Мысалы, Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас, Сайрам аудандары тұрғындары тілінде (үрпет, айран, үрпәт), Шу бойы қазақтары тілінде де (үрпет, әсірет, әжет, айран қалу) бірсыпыра сөздер құрамында сөз басындағы *x*, *z* дыбыстарының тұрақсыз екенін көреміз⁴⁴.

Проф. Н.К.Дмитриев түркі тілдеріне араб тілінен енген сөздердегі *айы* фонемасының айтылуы артикуляциялық тұрғыдан қиындық тұғызатын болғандықтан, оның көбіне өзге дыбыстарға ауысатынын айтқан болатын. Сол сияқты белгілі ғалым Ә.Құрышжанов міне осы құбылыстың жалпы түркі тілдеріне ортақ екендігін көрсете келе, оның қазақ тіліндегі қолданысына

⁴⁴ Жүнісов Н. Келтірілген еңбек. Б. 43.

тоқталып, *x* дыбысы қазақ тіліне келгенде не мүлде түсіп қалады, не *қ*, не *к* дыбыстарымен алмасып отырады⁴⁵ - дегенді айтады.

Жоғарыда Н.Жүнісовтың еңбегінен келтірілген мысалдар бұған дәлел болып табылады.

Ал қарақалпақ тұрғындарының ауызекі сөйлеумен әдеби тілде бұндай сөздердегі дыбыстар түсірілмей, толық формасында айтылатынын байқадық (хүр, хүрмет, хадал, хайран). Сондай-ақ бұл өңірдегі өзбектер тілінде де осындай құбылысты байқаймыз (хайран, хәзил, хүрмат, хүрдек) т.б.

Жоғарыдағы дыбыстарға салыстырғанда *z* ның қолданылу оқшауланып тұрады. Оның ең басты ерекшелігі *x* сыяқты өзге тілдерден енген кейбір кірме сөздерде бар және осы Қоңырат аймағындағы қазақтар говорында түсіп қалу жағдайлары бар: ібрат//ғибрат (ғибрат), әдет-үріп/үрүп (әдет-ғурып), ілім//ылым (ғылым), алым//ғалым (ғалым), ашық//әшік (ғашық) т.б.

Біз атап өткендей заңдылық ауданда қазақтармен көршілес отырған өзге туыстас халықтарда да (қарақалпақ, өзбек, түркмен т.б.) бар екендігін айтқанды жөн деп есептейміз.

Эпентеза. Атап өтілген өзгерістермен қатар аймақтың қазақ говорында айтылатын кейбір сөздерге өзге бір дыбыстың қосылып айтылу жағдайларында да байқаймыз. Мысалы: құман//құмған (құман), суғару//сулану (суару), шоршып//үркіп//үркүп (шошып), өгде//өгде (оде) т.б.

Белгілі зерттеуші Н.Жүнісовтың біраз жылдар бойына алып барған ізденістері бойынша осы құбылыстар қазақ, қарақалпақ тілдерінің басты бір ерекшеліктерінің бірінен саналады деген пікіріне қосылуға болады.

Ал, проф. Н.Корш өзінің түркі тілдерін топтастыруға арналған еңбегінде оны осы тілдердің фонетикалық белгілерінің бірі деп таныған. Қазақ тіліндегі ғ, г (қ, к) дыбыстарының сөз ішінде сақталыну себебін

⁴⁵ Құрышжанов Ә. Қазақ тілі «X» дыбысының қолданылу тарихынан. – Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелерінен. 3 шығуы. – Алматы, 1960. Б. 118.

рудиметтік элемент деп қарауға болады. Өйткені, мұндай белгілеудің көне түркі тілдеріне тән екені мәлім⁴⁶.

Біздің зерттеген аймақтағы қазақ говоры бойынша байқауларымыз жоғарыда айтылғандарға қосымша кейбір дыбыстық құбылыстардың да бар екенін көрсетті, яғни осы өңірдегі жас үлкен кісілердің тілінде көмей «h» дыбысының сақталып айтылуы қызықты: ажы//һажы-һажы, ақ//хақ-һах, ақиқат//һақиқат-ақиқат, хал//аһуал-аһуал, ауыз//һауыз-қауыз, әжет//һәжет – қәжет т.б.

Біз ұсынып отырған сөздердің басым көпшілігі араб, парсы тілдерінен еніп, олар қазіргі кезде говор өкілдерінің күнделікті сөйлеуінде өте жиі қолданылады.

Синкопа. Кейде говор өкілдерінің сөйлеуі барысында сөз ортасындағы жеке дыбыстардың түсіріліп айтылуын байқап қаламыз. Ондай дыбыстар қатарына қ, х, г, ғ, л, р, н, д сияқтыларды келтіруге болады: уалау//ууыу-уқалау, мутәж//мутаж-муқтау, насыят//насиетөнасихат, боған-болған, туару//дуару-доғару, қамайды//камады-қалмауды т.б.

Біз атап өткен заңдылықтардың өлкенің өзге аудандарында тұратын қазақтар тілінде кездесетіні зерттеушілер тарапынан (мәселен, солтүстік аудандардағы қазақ говорлары бойынша Н.Жүнісов, оңтүстіктегі қазақ говорлары жайында Б.Бекетовтың мәліметтерінде айтылған).

Қорыта айтқанда Қарақалпақстан аймағындағы қазақтар говорында біз көрсетіп өткен х дыбысына байланысты синкопалық ерекшелік алайда түркі тілдерінің ішкі заңдылықтарына байланысты пайда болған деген қорытындыға келдік.

Метатеза. Бұл құбылыста ертеден сақталып келе жатқан заңдылықтардан есептеліп, онда сөз ішіндегі дыбыстардың өзара орын алмасып келуін көреміз. Мұндайда, дыбыстардың орын алмасуы болғанымен сөз мағынасында өзгеріс байқалмайды: дайра//дойра-дария, қапқыш//қапқаш

⁴⁶ Жүнісов Н. Бұл да сонда.

балық – қақпыш балық, (халықта келтірілген балықты осылай атайды), тауаш//тәукеш-тауша, мәні//мәниға-мағына, инану//илену-илану, тәпкіш//тепкіш-тәптіш, айлану-айналу т.б.

Біз келтірген тәріздегі метатезалық алмасулардың Қазақстанның оңтүстік аудандарында кездесетіні жәйлі Н.Жүнісов та өз еңбегінде сөз еткен.

Біз жоғарыда өзіміз тарапынан, сондай-ақ бұрынғы зерттеушілер сөз еткен материалдарға сүйене отырып Қоңырат ауданындағы қазақ говорының фонетикалық ерекшеліктеріне байланысты (дауыстылар және дауыссыздар жүйесі, олардағы кейбір заңдылықтарға орай) мәселелерді қарастырдық.

Дегенмен, Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарын мекендейтін қазақтардың тіліндегі фонетикаға байланысты кездесетін ерекшеліктер Қазақстан территориясындағы сөйленістердің фонетикалық ерекшеліктері мен салыстырғанда әлде қайда мол. Мұндағы фонетикалық құбылыстар – аралас әрі көрші отырған халықтар тілдерінің әсерінен пайда болған. Соған орай, әрбір сөздің құрамында кездесетін дыбыс ерекшеліктері қазақ тілінің басқа сөйленістері және қарақалпақ, өзбек, түрікмен тілдеріндегі фактілермен салыстыра қаралды.

Зерттеліп отырған сөйленістегідей фонетикалық ерекшеліктер Қазақстан және одан тысқары жерлердегі қазақтар тілінде де байқалады. Әсіресе, Қазақстанның батыс облыстарының аудандарындағы, шығыс жақтағы Семей, Шығыс Қазақстан облыстарының кейбір аудандарындағы, оңтүстіктің бір қатар жерлеріндегі қазақтардың кейбір аудандары тұрғындарының жергілікті тіл ерекшелігінде жиі ұшырайды.

Сондай-ақ бұл өлкедегі қазақтардың сөйлеу тілінде жоғарыда келтірілген құбылыстардан басқа тілдегі дауысты және дауыссыз дыбыстарға байланысты кейбір заңдылықтар да бар.

Дегенмен, біз бұл жерде Қарақалпақстанда жасайтын қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктерді қысқаша көріп өтуді мақсат еткен едік. Әрине, бұл жағдай оны әліде көбірек зерттеуді талап етеді.

Осыған қарамастан бұл сөйленіске тән дыбыстар құрамы жағынан қазақ әдеби тіліндегі дыбыстардан онша алшақ кетпейді. Алайда, кейбір дыбыстардың айтылуында өзгешеліктер кездесіп те қалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қарақалпақстанның Қоңырат ауданындағы қазақтар тілінде кездесетін диалектілік құбылыстарды зерттеу төменгі мәселелер төңірегінде айтуға мүмкіндік береді:

1. Бұл өлкені қоныстанған қазақтардың тілінде кездесетін диалектілік құбылыстардың дені - олардың тілінің ең алдымен лексикалық жүйесіне байланысты. Екінші сөзбен айтқанда бұндағы диалектілік ерекшеліктердің көлемі жағынан молы – *лексикалық құбылыстар*.

2. Зерттеліп отырған сөйленістің лексикасын тіліміздің өзге сөйленістерінің материалы мен салыстыру, ондағы диалектілік сөздердің көп жағдайда республиканың оңтүстік аймағы тұрғындары тіліндегі лексикалық материалмен ұқсас болып келетіндігін көрсетеді. Мәселен сөйленісте айтылатын: *шиша, ақын, жандық, қойымшылық, там, шырпы, бойра, зағара, ауқат, пәтір, алақшын, әбжіл, азан, пада, тәңге* т.б. тәрізді диалектілік сөздерді біз оңтүстік облыстарда тұрушы қазақтардың да тілінен кездестіреміз. Говор лексикасындағы сөздердің құрамы республикамыздың оңтүстік аймағының халқының тіліне ғана ұқсас емес, диалектілік материалдарды салыстырып қарағанымызда, қазақ тілінің батыс сөйленістері мен де ұқсас екенін көреміз. Мысалы, сөйленісте мынадай сөздер кездеседі: *аламан, ашқыш, атауыз, әтешкір, бел, күртік, мәнет, маса темір, шарқат, шөбік, нән* т.б.

Сонымен бірге мұнда тек Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тілінде ғана қолданылатын біраз сөздер бар: *кетек, ағары, аударыспақ, әрем, арғыз, бітте, дегерек, есепдар, бұрнау, кешір, көзайна, күшен, қалет, тиқы* сөздері осындай сөздер.

Құрамы жөнінен алғанда зерттеліп отырған сөйленістің диалектілік лексикасы тіліміздің арғы дәуіріне тән, байырғы сөздерді де, сол сияқты көрші түркі тілдерінен енген кірме сөздерді де қамтиды. Кірме сөздердің

ішінде сан жағынан көбі – қарақалпақ тілінен енген сөздер. Сөйленіске қарақалпақ тілінен ауысқан сөздердің мол болу жағдайы түсінікті де, өйткені тілдің ең өзгергіш саласы лексиканың өзге тілдің әсеріне бейім келетіні белгілі жағдай. Қарақалпақстанда тұратын қазақтар болса, бұл өлкені көп заманнан қоныстанып келгені тарихтан белгілі.

3. Зерттеліп отырған сөйленістегі фонетикалық жергілікті құбылыстардың баршасын дерлік тіліміздегі дыбыс алмасуы деп аталатын құбылыстың төңірегіне топтап көрсетуге болады. Мұндағы дыбыс алмасуын дауысты және дауыссыз дыбыстардың алмасуы деп екі жікке бөліп, дауысты дыбыстардың алмасуынан сөйленіске ең сипаттысы деп: *a/e, o/ұ, e/ы, e/i, ұ/ы, ө/i, o/a, e/ұ, ы/a, ө/e* дыбыстарының алмасуын атап едік. Дауыссыздардың ішінен сөйленісте жиірек алмасатыны – *с/ш, б/м, л/н, с/з, д/л, д/т, к/г, к/ғ, б/п, б/у, м/п, ш/с, д/н, т/л, г/қ, г/к, н/ң, й/г, Һ/х* дыбыстары.

Жұмыс негізінен Қарақалпақстан қазақтарының говорын туралы негіз болатын жұмыс болады. Жалпы бұл жұмыс фонд және баспаға жарияланған материалдардан географиялық және топонимикалық карталардан, сондай-ақ, өлкеміздегі көпті көрген жасы үлкен ата-әжелерімізбен әңгімелескен кезде жазып алынған материалдардан пайдаланылды. Ондай деректердің аты-жөні, туылған жылы, мекен-жайы, жұмыста көрсетілді. Халық аузындығы сөздер, халық атынан берілді. Біз өзіміз жинаған топонимикалық мәліметтер негізінен белгілі топонимист Э.И.Мурзаевтің классификациялау методынан пайдаланып, топтастырдық. Сонымен бірге басқа да диалектология және ономастика бойынша зерттеуші ғалымдардың классификациясы еркін пайдаланылды. Оларды пайдаланған жерінде көрсетіп отыруға әрекет еттік. Біз көбінесе Қарақалпақстандағы жергілікті атауларды тарихи және лингвистикалық жақтан қоса зерттеуді мақсат еттік. Оларды тематикалық жақтан классификацияладық. Этимологиясына шолу жасадық және лингвистика жағын талдап өттік. Бұл үшін қазіргі тіл біліміне тарқалған

салыстырмалы тарихи және баяндау методынан пайдаландық. Бұл анықтамалар тіл білімінің ең кем дегенде географиялық көлемде үлес қосуы мүмкін. Жұмысты жазуда көптеген ғалымдардың айтқан пікірлеріне сүйендік және олардың көпшілігінен ғылыми кеңестер алып, жұмысты көлемді түрде жазып шықтық.

Қорыта айтқанда, жергілікті тілді зерттеу арқылы өлкеміздің ой-қырын, байлығын білуімізге, ұлттық санамыздың өсуіне, өздігімізді, өз тарихымызды, халқымыздың белгілі перзенттерін тануымызға үлкен қызмет атқарады. Өйткені, говорлар негізінде халықтың тұрмысы, тарихы, тілі және сол сияқты басқа да көптеген сырларды өз ішінде сақтап жатқан қазына болып есептеледі.

Солай етіп, Қарақалпақ аймағындағы қазақ говоруы әр қилы құрамды екенін және де тереңірек зерттеуді талап ететін мәселелердің бірі болып есептеледі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Каримов И. Жоқары мәнаўият-жеңилмес күш. Т. 2008
2. Абдрахманов А. Қазақстанның жер-су аттары А. 1999
3. Алламұратов А. Нөкіс атамасы туралы мақала «Жас алаш» газетасы
4. Абдімұратов Қ. Почему так названо. Н. 1990
5. Атанязова. С. Түркменстанның географиялық атамаларының түсіндірме сөздігі. А. 2002
6. Аманжолов С. Вопросы диалектологии и истории казахского языка.
7. Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. А. 1992
8. Бартольд В.В. Отчет о командировке в Среднего Азию соч том. 1991
9. Бірмағанбетов Ә. Бұлай деп неге атаймыз. А. 1991
10. Бартольд В.В. К истории Туркменстана. М. 1995
11. Бегимов Э. Узбек исмлари. Т. 1998
12. Гулянов Я.Г. «История оришение Хорезма с древнейших времен до наших дней». Т. 1995
13. Есбергенов Х. Қоңырат тарихый хәм мәдений естеликleri. Н. 1993
14. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. А. 1996
15. Жүнісбеков Н. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктері. А. 1988
16. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы А. 1991
17. Жанұзақов Т., Есбаева К. Қазақ есімдері. А. 1988
18. Қалиев Қ. Қазақ тіліндегі өсімдік атаулары. А. 1988
19. Қазақстанның географиялық атауларының сөздігі. А. 1990
20. Доспанов О., Құттымұратова Ы. Диалектологиядан әмелий жұмыслар. Н. 2009
21. [www. tdpu. uz](http://www.tdpu.uz)
22. www. Ziyonet. uz
23. www. edu. uz

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы4

Кіріспе7

I тарау

Қарақалпақстанда жасайтын қазақтары тілінің зерттелуі жайлы

а) Қарақалпақстан қазақтарының тарихи-лингвистикалық сипаттамасына
шолу13

б) Қарақалпақстандағы түркі филологиясының
зерттелуі.....27

II тарау

Қарақалпақ қазақтары тілінің фонетикасы жайында

а) Дауыстыларға байланысты ерекшеліктер33

б) Дауыссыздарға байланысты ерекшеліктер43

Қорытынды.....52

Пайдаланылған әдебиеттер.....55